



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

ЖАҢА ЖЫЛ ЖАРШЫСЫ

Сенімді серпілткен сұхбат

Ерсін МҮСАБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа 2025 жыл тарих табылдығын аттады. Жаңа белеске қадам басарда өткенге есеп беріп, ертеңгі бағдарын бағамдайтынмыз қоғамдық дағды, саналы салтқа айналғаны бүгін ғана емес. Бұл дағды адамзат баласы ортасынан көшбасшы сайлап, қоғамдасып өмір сүру дәстүрін игергілі бері бізбен бірге тыныстап келеді. Ел Президенті биыл да осы дәстүрден жанылған жоқ.

Иә, әр жылды қарсы аларда жаңа күнге жақсы үміт артып, жаңа жыл күнтізбесінің парағын жақсылықпен ашқымыз келетіні рас. «Ескі жыл, есірке, Жаңа жыл, жарылқа!» деген үкілі үміт арқалаған тілегіміз тіл ұшына оралғанда, көңіл қалауы мен жүрек сөзін қанатты періштенің тілеуіндей көріп, алғаусыз пейіл танытып тұрғанымызды сеземіз де...

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын осы тілеуімізді Жаратушы Ғақ қабыл алған екен деген риясыз пейілмен оқып шықтық.

Өткен күн еншісіндегі өрелі көрсеткіш, ертеңгі күннің еселі жоспары мен байыпты бағдары байсалды көрініс тауып, кейбір мәселелерге қатысты бүкпесіз әңгіме өрбіп, парасатты пайым жасалған екен.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сұхбатын өз басым Жолдаудың жүгін көтеріп тұрған маңызды құжат есебінде қабылдадым. Өйткені, еліміздің даму қарқыны, саяси-экономикалық реформалар нәтижесі, ел көкейіндегі өзекті мәселелер түгел қамтылып, журналист сауалына толымды жауап берілген. Яғни, сүбелі сұхбатқа өзек болған барлық мәселе алдағы уақытта да терең талданып, атқарушы билік өкілдері үшін нақты міндеттер бағдары ретінде маңызды шешімдер қабылдауға негіз боларына еш күмән жоқ.

Біз де тарқатып, таразылап көрейік...



Берекелі белес бедері

Мемлекет басшысы былтырғы жылдан бері еліміздің ақпарат кеңістігіндегі жетекші басшыларға сұхбат беріп, жоғары билік деңгейінде атқарылып жатқан ауқымды істер мен іргелі жобалар жөнінде бұқарамен ой бөлісуді дәстүрге айналдырғаны көңілге үміт пен сенім орнықтырып келеді.

Жасыратыны жоқ, қазір ел ішінде Қазақстанның болашағына қатысты алуан пікір айтылып жүр. Ал, Президенттің биылғы сұхбаты аузының дуа-

сы жоқ «саяси сәуегейлер» жасаған болымсыз болжамдарға нақты тойтарыс бергендіктен де, қоғамда зор серпіліс тудырып, ел сеніміне серпін бергенін аңғардық. Көршілес елдермен арадағы ынтымақтастық негізінде болып жатқан сол ел Президенттерінің ресми кездесулерінің астарынан сын іздеп, мін тағып жатқандарға да нақты жауап берілген. Саяси қауесеттерді жоққа шығаратындай салмақты да, ашық әңгіме өрбіген салмақты сұхбаты сүбелі демесеке амалым да қалмады.

Биліктің ашықтығы, еліміздің даму қарқыны, экономикалық мүмкіндіктер, ұлттық құндылық, мемлекеттік мүдде, Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы беделі, еліміздің әлемді шарпыған сын-қатерлер кезіндегі ұстанымы жан-жақты қамтылған сұғыла сұхбат болғанын қазақстандықтар да, шетелдік сарапшылар да мойындап жатыр. Әлгі саяси қауесеттерге иланып қалмасақ та, алаң да, алаң күйі кешіп жүргеніміз рас еді.

► 2-бет

2025 ЖЫЛ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Еңбекке бейім ел озады

«Еңбек – адамның екінші анасы» дейді қазақ. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. Бұл бірегей бастама егемен елдің еңбек нарығын дамытуға, жұмысшы мамандықтарының мәртебесін көтеруге және жастарды жұмысшы мамандығын мықтап игере түсуге даңғыл жол ашады. Із-деген кілтшанымыз осы тұстан табылmaq. Кейінгі кешенді жылда еңбек адамын ардақтаған ұлттың болашағы айқындалып, экономикалық өсімге серпін беретін шашу шығармас шаралар қолға алынбақ.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Маңызы артқан мамандықтар

«Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ, біз жұмысшы мамандықтарының дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз. Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады», – деді Президент.

Иә, ұзақ уақыт бойы өміршен өзгеріс пен реформаны қажет ететін санқилы сала ақыры дамуға серпін алып, талайға табыс тарту етеді. Бүгінде елімізде жұмысшы мамандардың тапшылығы барлығын да жоққа



Қолымен жасаған Ш.Аманжол

шығармаймыз. Сарапдал сарапшылардың пікірінше, 2030 жылға дейін атаулы бағытқа 410 мың адам қажет болуы ықтимал. Мәселен, көлік жүргізушілері, дәнекерлеушілер, құрылысшылар-әрлеушілер мен суретшілер, сантехниктер, жұмысшы-фермерлер, тракторшылар, құрылысшы-монтажшылар, өнеркәсіптік жабдықтардың слесарылар тапшылығы мыңдап саналады.

Мемлекет қолдауы

Өз кезегінде Үкімет техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауда жалт қаратар қадамдар жасап келеді. Аталған бағытта Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова бастаған жұмыс тобы жұмысын жалғастыру үстінде. Сонымен, колледждер 3-4 деңгейге бөлініп, жұмысшы мамандарды даярлауға арналған оқу бағдарламасы жаңартылмақ. Талапкерді жұмысшы мамандығын таңдауға ынталандыру үшін

қосымша гранттар қарастырылған. Былтыр жоғары оқу орнына түсу үшін 112 мың грант берілген болса, оның 60%-ы техникалық мамандықтарға тиесілі. Машина жасау, көлік, энергетика, IT, құрылыс және инженерия сияқты техникалық мамандықтарға ерекше назар аударылады.

– Техникалық мамандықтар арасында ақпараттық-технологиялық коммуникациялар саласында 10 900 грант бөлінді. Жаратылыстану, статистика мамандықтарына 8 288 грант берілді. Жалпы, бұл техникалық бағыттарға қызығушылық жастар арасында өте жоғары, – деді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қоғаммен байланыс департаменті басқармасының басшысы Қарлығаш Қалыбекқызы.

Тақырыпты толайым зерттеп, зерделген жандар мамандық таңдаудағы басты мүдде, жалақы мөлшеріне келіп тірелетіндігін аңғартады. Бұл орайда «екі қолға бір күрек» іздегеннің «қарауыл әйнегі» болып үлгер-

ген электрондық еңбек биржасы базасында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері үшін өндірістік практиканы ұйымдастыру, кәсіптік біліктілікті тану орталықтарын ашу, оқушылар мен студенттер үшін жетекші кәсіпорындарда ашық есік күнін өткізу, «мансап компасы» платформасында оқушылар үшін кәсіптік бағдарлауды ұйымдастыру көзделді. Сондай-ақ, жұмысшы кәсіптері бойынша бос орындар жәрмеңкесін өткізу, кәсіптік стандарт пен жұмысшы кәсіптері бойынша оқу бағдарламасын жаңарту қамтылады. Электрондық еңбек биржасы шеңберінде жұмысшы мамандықтары бойынша VR курстарын әзірлеу және жұмысшы мамандықтары бойынша субсидияланатын жұмыс орындарының санын ұлғайту әдепкі іске айналмақ.

Маман мәртебесі

Жұмысшы маманның абыройы да асқақтай түспек. Атап айтқанда, кей-кейде аспаны тұтылған жұмысшы кәсіптерінің еңбек құқықтары мен лайықты іскерлік қағидатын ілгерілетуін меңзеп отырмыз. Бұдан бөлек, еңбек қатынастарын декларациялау тетігін енгізуге, консультациялық орталықтар ашу жоспары да жоқ емес.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Асхат Аймағамбетовтің сөзінше, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру үшін жалақы мөлшерін арттыру жеткілікті.

– Кез келген мамандық жастар тарапынан қызығушылық туғызу үшін ең алдымен, еңбекақыны көтеру қажет. Өңірлерде болған кезде біз елде дәнекерлеуші, кран машинисі, су жолының қызметкері, слесарь сияқты қажетті мамандар жетіспейтінін көрдік. Өйткені, жалақысы аз. Қазір Парламент қабылдаған нормативтік-құқықтық база осы бағытта жұмыс істеу үшін жеткілікті. Заңдар бар, енді атқарушы органдар біз айтып отырған жалақыны көтеру мәселелерімен айналысуы керек, – деп түсіндірді ол.

БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

Оқырманға арнау

Жыл келді.

Адамзат жылнамасындағы жыл санауымыздың 2025-ші парағын ашып, жарқын үмітке жетелеген жаңа дәуірдің табылдығын аттадық. XXI ғасырдың алғашқы ширегін түйіндегелі тұрмыз.

Қадірлі оқырман!

Арқа баспасөзінің қарашанырағы «Ortalyq Qazaqstan» газеті өздеріңізбен 23 470-інші рет жүздесіп отыр. Биыл 94-ші белеске қадам бастық. Аға дәстүрден айнымай, жаңа дәстүрді жатырқамай қабылдау да – жауапкершілік. Жігерлі жастардың жанашыл ұстанымына «Сауағар Ақраға» ЖШС басшылығы қолдау көрсете отырып, байырғы басшылық «мылтықсыз майданның» алдығы шебінде келеді. Аманатқа адалмыз!

Сонымен, Жаңа жыл табылдығымыз 5000-ға жуық таралыммен аттадық. Аз да емес, көп те емес. Ескі дәстүрдегі бюджеттік мекеме қызметкерлерін мәжбүрлеп жаздыру үрдісі келмесе кеткен. Сонда да осынша жемені бағындырдық. Шүкір!

Өнері өрелі болғанымен, болмысы қарапайым танымал өнші ағам бар еді. Оған залдың толған-толмағаны проблема емес. Он адам отырса да, әнін шырқап, өнерін паш етеді де, сол он көрерменге алғысын жаудырып, ықыласын танытады. Сол ағам бірде «Неге?» деген сұрақ қойғанмын. Ол: «Мені залдың олқылығы қызықтырмайды. Өнер – халықтың қазынасы. Маған өнді құлақпен емес, жүрекпен тындайтын бес көрермен болса – жетеді» деген-ді. Сол сияқты, бізге де «Орталықты» сүйіп оқитын он оқырман – бағалы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне 3 қаңтарда берген сұхбатында: «Газет-журнал оқу – жас кезімнен қалыптасқан дағды. Мен ақпарат кеңістігіндегі үрдістерді жіті қадағалап отырамын. Жазбаша мәтіндердің мән-маңызын төмендетуге болмайды. Мерзімді баспасөз бәрібір мемлекеттік саясаттан хабар беретін маңызды ақпарат көзі болып қала береді», – деді. Президентіміздің осы сөзінің өзі бізге қанат бітіріп, баспа құралдары туралы әлгіндей алып-қашпа пікірге нүкте қойғандай. «Орталықтың» оқырманы олқы емес. Газетке жазылу барысында зор белсенділік танытқан Қарағанды қаласы, Ақтоғай, Нұра, Шет аудандарындағы тұрақты оқырмандарымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

...Бүгінгі қоғамдағы тырс еткен құбылыстың барлығы өзгеріске бейім. Адамзат дәуірінде ұлы өзгерістер орын алуда. Өркениет өрлеп, жаһандану жаңталасып жатыр. Бұл өзгерістердің қоғам үшін игілігі де, ұлттық сана тұрғысынан алғанда кері әсері де мол. Біз де өзгердік. Газет айдарын (өз тілімізде – шапқа) өзгерттік. Бірақ біз үшін өзгерістің барлығы ескіні жоққа шығару емес. Абыз басылымның айдарына кешегі аға буынның талғамынан шығып, таңдауы болған ескі кәріптің (шрифті) жаңғырған нұсқасын таңдадық. Бұл бағытта холдинг басшылығының байсалды ұстаным, байыпты қолдауын атап өтуге тиіспіз.

Шығармашылық жоспарымызда да жаңалықтар бар. Биылғы жыл – екінші дүниежүзілік соғыстың Жеңістің 80 жылдығы, ұлы Абайдың 180 жылдығы, Ата Заңымыздың 30 жылдығы, академик Ебіней Бөкетовтің 100 жылдығы, тағы басқа да атаулы даталарға мән беретін мерекелі жыл. Арқа баспасөзінің мектебін қалыптастырған «Орталықтың» оғандары, бірқатар қаламдас ағаларымыздың да мерейтойы биыл аталып өтпек. Белгілі публицист Аман Жангожин ағамыз 80 жасқа, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, ақын Серік Ақсұңқарұлы және Серағанның құрдастары Серік Сексенұлы, ардагер фототілші Жұмабек Иманәлі 75 жасқа толады. Сондай-ақ, «Орталықты» 22 жыл басқарған талантты редактор, көсемсөз шебері, марқұм Мағауия Сембайдың 70, белгілі журналист, марқұм Тілеукабыл Байтұрсынның 75 жылдығын да биыл атап өтпекпіз. Мерейтой иелерінің шығармашылық қуаты мен өмірлік өнегесін дәріптеу – біздің парызымыз.

94 жыл қазыналы Қарағанды өңірінің шежіресін тасқа таңбалап, әр шаңырақтың ажырамас бөлігіне айналған сүйікті басылымдарыңыз мәңгілік сырластарыңыз болып қала бермек.

Жаңа жылдарыңыз құтты болсын!

Ерсін МҮСАБЕК

Сенімді серпілткен сұхбат

(Соңы. Басы 1 бетте)

Жаңа жылдың алғашқы сәтінде сол күдік-күмәніміздің күлін көкке ұшырып, көңіл көкжиегіне үміт пен сенім ұялатқан Президент пайымдары елдік мұраттың енесі бағдарламасындай әсер қалдырды.

Сыр-сұхбат неден басталып, қалай өрбиді?

Әдеттегідей өткен жылдың еншісіндегі көшелі көрсеткіш әңгіме өзегіне айналып, ауыз толтырып айтарлықтай толайым табыстар мен жетістіктер сараланды. Әріптесімнің алғашқы сұрағына берілген жауабын Мемлекет басшысы: «Быттыр көптеген маңызды оқиға болды, қыруар жұмыс атқарылды. Мысалы, әбден тозығы жеткен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары барлық аймақта жүргізілді», – деп бастады. Құрғақ сөз, құрама есеп емес. Қарапайым халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қолға алынған бұл жобаның игілігін ел тұрғындары көре бастады. Алдыңғы жылғы Екібастұз қаласындағы төтенше жағдайдан кейін шұғыл қолға алынған бірегей жоба ел аумағындағы қуат көздерінің тозу деңгейін едәуір төмендеткенін көз көріп, құлақ естіп отыр.

Нақты мысалдарға жүгінер болсақ, Қарағанды облысында да коммуналдық саланың ахуалы сын көтермейтін жағдайда болатын. Әсіресе, Теміртау қаласындағы жылу орталығы мен құбырлардың әуірім-мен жұмыс істеп тұрғаны жасырын емес еді. Бытырғы жылы біздің өңірде де қыруар жұмыс атқарылып, биылғы жылу беру маусымын алаңсыз бастадық. Мәселен, өткен 2024 жылы Қарағандыда үшінші жылу магистралі іске қосылып, ЖЭО-ынан қаланың Оңтүстік-Шығыс аумағына 22 шақырым жаңа құбыр тартылды.

Теміртау қаласында да ілкімді жобалар қолға алынып, Теміртау ЖЭО-2 қуат көзіне қазандықтарға күрделі жөнделу жұмыстары жүргізілді. Биылғы жылу беру маусымына Теміртау қаласы алғаш рет 5 қазандықпен кірді. Оның біреуі – резерв. Сондай-ақ, қалаішілік желілерде 40 шақырымға жуық құбыр жаңартылды.

Әрине, Мемлекет басшысы өз сұхбатында біздің өңірдегі жағдай бойынша арнайы тоқталған жоқ. Біз бұл мысалдарды Президенттің еліміздегі инженерлік-коммуналдық желілерді жаңарту жөніндегі жауабының ақпараттан ашық кетпегенін дәлелдеу үшін келтіріп отырмыз.

Берекелі жылдың бедерлі белестерін тілге тиек ете отырып Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Өткен жылы 18 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді», – деді. Бұл көлемнің 500 мың шаршы метрі Қарағандыға тиселі екенін статистикалық мәліметтер дәлелдейді.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев аграрлық саланың оркендеу дәуіріне бет алғанын айтып, бытырғы жылы елімізде мемлекеттік қолдаудың арқасында 27 миллион тонна астық жиналып, дикандарымыз соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткішке қол жеткізгенін ерекше атап өтті. Қарағанды облысы да астық қамбалауда рекорд жасап, 1 миллион 300 мың тонна астық бастырды. Ақмола, Қостанай секілді астықты облыстармен салыстырғанда, Қарағандының бұл көрсеткіші – шынымен де көш бастаған көрсеткіш.

Сұхбат барысында ел Президенті өткен жылдың өте күрделі жыл болғанына да тоқталды. «Жалпы, өткен жыл оңай болған жоқ, тіпті, күрделі жыл болды деуге келеді. Қазақстанға сыртқы факторлардың салқыны тиді, табиғи апаты да жоспарларымызға әсер етті. Алайда, біз барлық ахуалды бақылауда ұстап қана қоймай, жан-жақты реформаларымызды жалғастыра алдық. Осылайша, жасампаздық стратегиясы одан әрі жүзеге асырылып жатыр», – деді. Шынымен де, күрделі жылда шаң қауып, шалдығып қалған немесе дағдарып қалған жоқпыз. Бағытымыздан жаңылмай, бағдарларымызды айқындап алған ел ретінде қарқынды бәсеңдеуіне жол бермедік. Мұның барлығы ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем елдің ықпал-пейілі екендігін де атап өтті Президент.

Шетелдік сарапшылар не дейді?

Президент сұхбаты туралы әлеуметтік желі арқылы тарап жатқан кейбір пікірлер алуан түрлі ойға жетелеп, көңіл көкжиегіне қонақтан сенімге селкеу түсірмекке ұмтылып жатқаны да жасырын емес. Мәселен, «Президентіміздің кәсіби дипломат екендігі осы сұхбатында айқын аңғарылды. Ол ел ішіндегі проблемаларды емес, сыртқы саясат мәселесіне терең бойлап кеткен екен» деген пікірді де көзіміз шалып қалды. Мен айтар едім, бұл – сұхбатты байыбына барып оқыған адамның пікірі емес, ұшқары ой.

Керісінше, Қазақстан Президентінің сұхбатына қатысты шетелдік сарапшылардың пікірінде салмақты ой, байыпты баға бар.

«24 kz» телеарнасының тілшісіне берген сұхбатында ресейлік саясаттанушы Аркадий Дубнов: «Тоқаевтың сұхбатында қозғалған өзекті тақырыптардың ішінен Қытай торағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға жасаған соңғы сапары кезінде айтқан сөз-



дерін тілге тиек еткенін ерекше атап өткім келеді. «Қытай елімізге ешқашан зиянын тигізбейді. Біздің егемендігіміз бен тәуелсіздігімізді барынша қолдайды. Бұл өте маңызды мәлімдемесі», – деді Тоқаев. Осылайша Қытайды Қазақстанды сыртқы қауіп-қатерден қорғауға кепіл болатын ел ретінде көрсетті. Тоқаев сондай-ақ АҚШ-тың 47-президенті болып сайланған Дональд Трамппен телефон арқылы сөйлескені туралы айтып, Қазақстан Украинада бейбітшілікті орнату үшін келіссөздер жүргізуді қолдайтынын атап өтті», – деген пікірімен бөлісіпті.

Ал, норвегиялық сарапшы Гленн Агунг Холле: «Демократиялық хәм тұрақты Қазақстан Орталық Азияның дамуына және өңірдегі геосаяси тепе-теңдіктің сақталуына зор ықпал етеді. Менің ойымша, Норвегия мен Еуроодақ Қазақстанның демократия жолындағы бағытын қолдауы керек. Мұндай реформалар – ішкі саясат мәселесі ғана емес, сонымен қатар Еуропа мен Азияны байланыстыратын өңір үшін жаһандық деңгейдегі қажеттілік. Демократиялық тұрақтылық бейбітшілікті, экономикалық даму мен өңірлер арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз етуге көмектеседі. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сұхбатынан осындай құндылықтарға негізделген оқшау пікірін аңғардық», – дейді.

Түркиялық сарапшы Эмрах Каяның «Сұхбатта Қасым-Жомарт Тоқаев өз еліңдегі саяси жағдайлар, экономикалық даму, сыртқы саясат пен жастар мәселелері бойынша толыққанды жауап берді. Оның сөздері терең ұғынуды қажет етеді», – деген пікірі Президент сұхбаты туралы сынражак пікір, үстірт ой айтып жүрген отандастарымызға емеурін әрі сабақ болар еді.

Мұхиттың арғы жағынан бейбітшілік құсындай болып жеткен АҚШ ғалымы Ариэль Коэннің пікірі: «Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жақында жарыққа шыққан сұхбаты Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастарды одан әрі ілгерілетуге ниетті екенін көрсетеді», – деген ой айтады.

(Шетелдік сарапшылар пікірі 24kz телеарнасының ресми сайтынан алынды).

Ал, Мемлекет басшысы сыртқы саясатқа қатысты ордалы ойын: «Қазақстан халықаралық аренадағы позициясын күшейтті. Бұл еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және экономикамызды орнықты дамытуға септігін тигізеді», – деген оймақтай пікірімен түйінделді. Сұхбаттың дәл осы сыртқы саясатқа қатысты диалогынан анау айтқандай ешқандай өрескелдік көрініп тұрған жоқ. Еліміздің қауіпсіздігін өз жауапкершілігіне алған Президенттің парасатты пайымынан басқа ештеңе аңғарылмайды.

«Таза Қазақстан» науқандық акция ма, идеологиялық платформа ма?

Экономика – өндіріске тәуелді. Ал, ірі өнеркәсіптік жобалардың ел экономикасын енселендірудегі оң ықпалымен қатар қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін кім бағамдап жатыр? Президент сұхбатында бытырғы жылдан бері қолға алынған, қоғамға зор серпіліс әкелген «Таза Қазақстан» акциясының осы бағыттағы тиімділігі мен маңыздылығы жан-жақты сараланды.

Тікелей Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен өмірге келген «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының табиғат жанаушылары үшін тамаша мүмкіндік болғанын, жыл бойы жүргізілген акция аясында қаншама жұмыс атқарылғанын ұмытпау болмас. Сонда да, «тырнақ астынан кір іздейтін» ат төбеліндей «саясаткерлердің» осы бір жалпыхалықтық шараны көшегі кеңестік жүйедегі «лениндік сенбілікке» ұқсатып, ұраншылдықтың ұшқы-

нына, науқаншылдықтың мұрагеріне балап жүргені өкінішті-ақ, әрине.

Осындай жөнсіз мінеу, жосықсыз сынауға Мемлекет басшысы: «Таза Қазақстан» акциясы қоғамға экологиялық мәдениеттің жаңа талаптарын енгізу идеясынан бастау алады. Халықтың бұл бастамаға барынша қолдау білдіргеніне тәттімін. Әсіресе, жастарға ризашылығымды білдіргім келеді. Қазақстан азаматтары мұның кезекті бір науқан емес, өзекті ойға қоғам қалыптастыру жолындағы идеологиялық платформа екенін түсінді.

Біз, түптің түбінде, табиғаттың байлығына және күнделікті тұрмыс-тіршілігімізге немқұрайлы қарайтын жағымсыз әдеттен біржола арылуымыз қажет. Тазалықты сақтау және табиғатты аялау ұлттық болмысымыздың ажырамас бөлігіне айналуға тиіс. Өркеніетті елдердің бәрі осыны ұстаналды», – деп, орнықты жауап берді.

Шынымен де, бізде көп жағдайда экомендіет деген құндылық кемшін түсіп жатады. Ал, осы «Таза Қазақстан» акциясына белсене қатысып, бел шеше кіріскен әрбір қазақстандық бұл шараның маңыздылығын түсінді деп ойлаймын. Әр азаматтың бойында қоршаған ортаға деген жанашырлық сезімі оянды. Осы акцияға 3,8 миллионға жуық отандасмыз белсене қатысып, ел аумағында 1,5 миллион тоннадан астам қояқ жиналды. 3,2 миллионнан астам көшет егілді.

«Осының өзі азаматтарымыздың сана-сезімі жоғары, олардың Қазақстанды өзгертуге нақты іспен үлес қосуға дайын екенін көрсетпей ме? «Таза Қазақстан» жобасының жүзеге асуына, ең алдымен, өкімдер жауапты. Елдімекендердің тазалығы тұрмыс сапасының жоғары екенін білдіреді. Мен аймақтарға барғанда қалалардың қалай абаттандырылғанына үнемі назар аудармын. Осы ретте «Таза Қазақстан» идеясы ұлттық идеологиямыздың аса маңызды бөлігіне айналуға тиіс екенін тағы да қайталап айтамын», – деді Мемлекет басшысы.

Ұрымтал сауалға – ұтымды жауап

Сұхбат барысында Мемлекет басшысына отыздан астам сұрақ қойылыпты. Барлық сұраққа ашық, нақты жауап берілген. Әрбір қазақстандықты өз Отанының болашағы, даму бағыттары, экономиканың барлық салалары бойынша нақты ақпарат ерекше қызықтыратыны белгілі. Қазір барша халықтың қоғамдық санасы сергек, пікірі – ашық. Көкейіндегісін білгісі келеді. Әр жерлесіміз «Өткен жылы не тындырдым?» деп, өзіне қоятын сауалмен бірге «Қазақстанда не өзгерді? Быыл не өзгерді?» деген сауалға да жауап іздейтіні анық. Бұл сұрақтың жауабы осы сұхбатта берілген. Сондықтан, ел Президентінің «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» атты сұхбатын өткенге баға, ертеңге баға деп қабылдадым.

Ойланатын мәселе көп. Еліміздің тұңғыш Президентімен Мемлекет басшысының арасындағы бүгінгі қарым-қатынасы, Ресей Президенті Владимир Путиннің Қазақстанға жасаған сапарының саяси мәні, Парламент, Үкімет отставкасы, кезектен тыс сайлаулар және «Қаңтар оқиғасы» туралы ұрымтал сұрақтарға берілген ұтыр жауаптарына шын мәнінде риза боласың...

Қалай болғанда да, ел көкейіндегі өзекті мәселеге қатысты өткір сауалға өтімді жауап берілген. Ел аумағындағы қауесеттен де, әлеуметтік желідегі жел сөзден де хабары бар екенін аңғартқан Президенттің сергектігі таң қалдырды. Мысалы, сұхбат алушының: «Қоғамда сыбайлас жемқорлық туралы жиі айтылады. Оған қарсы белсенді күрес жүргізіліп жатқанын көріп отырмыз. Жалпы, шеуніктердің ұсталғаны туралы түрлі ақпараттар елімізде жемқорлық өршіп тұрғандай әсер қалдырады. Шынымен де солай ма?», – деген сауалына: «Сыбайлас жемқорлықпен жүйелі түрде күресу – аса қажетті жұмыс. Бұған еш күмән жоқ. Мемлекет жемқор-

лыққа қатысты құқық бұзушылық фактілерін анықтау ғана емес, жемқорлықтың алдын алу үшін жұмыс жүргізіп жатыр.

Қазақстан жемқорлыққа қарсы күрес жолында ең озық халықаралық стандарттарды, соның ішінде Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы енгізіп жатқан талаптарды басшылыққа алады. Бұл – өте жоғары талап, біз соған сай болуымыз керек. Бұған қоса, мен сыбайлас жемқорлықпен күресуге жауапты мекеменің басшыларына науқаншылдыққа салынбай, байыпты шешімдер қабылдау қажеттігін үнемі айтып отырамын. Өйткені әрбір шешімнің артында адам тағдыры тұр.

Ал шеуніктердің ұсталғаны туралы ақпараттың жиі шығуы биліктің абыройына белгілі бір деңгейде нұқсан келтіргенімен, мемлекеттің ашық жұмыс істейтінін көрсетеді. Бірақ мұндай қадамсыз «Зан мен тәртіп» қағидаттарына негізделген әділетті мемлекет құру мүмкін емес», – деп жауап берудіңе тәжірибелі саясаткердің сұңғылалығы жатыр емес пе!?

Қазір ел арасында Қазақстанда Президент сайлауы да, Парламент сайлауы да мерзімінен бұрын өтетіні туралы дәлел-дәйексіз ақпарат айтылып жүр. «Тоқаев БҰҰ-ның Бас хатшысы болып сайланады екен. Бізде Президент сайлауы өтеді», – деген дүдәмал болжама Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы бас хатшысының орынбасары және Қарусыздану жөніндегі конференцияның бас хатшысы ретінде осы ұйымның Женевадағы кеңесіне үш жылға жуық басқардым. Халықаралық үдерістердің қыр-сырына бойлап, мол тәжірибе жинадым. Осының өзі артығымен жетеді деп ойлаймын. Менің елімізді дамытуға қатысты талай жылға арналған ауқымды жоспарларым бар, оның бәрін жүзеге асыруға ниеттімін», – деген жауабымен нақты жауабымен нүкте қойды.

Сол сияқты «Қазақстанда Парламент сайлауы мерзімінен бұрын өтеді екен» деген қауесетке де: «Мұндай болжама бар екенін білемін. Бұл ақпарат әдейі таратылып жатыр деп ойлаймын. Біздің елде жаңа Үкімет жұмысына кіріскен бетте оның отставкаға кететіні туралы әңгіме тарайды. Парламент туралы да дәл солай деуге болады. Мен Парламент депутаттары азаматтық және саяси жауапкершілік таңытып, жақсы жұмыс істеп жатыр деп ойлаймын. Ал Үкімет – ауыс-түйіске бейім құрылым. Оның құрамында түрлі жағдайға, оның ішінде «Аманат» партиясының және Парламенттегі басқа да партиялардың ұстанымына байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

Меніңше, Парламент сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге әзірге еш негіз жоқ. Сайлау заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес өтеді. Парламент өзіне тиесілі мерзім аясында қызметін атқаруға құлықты. Ал Үкімет бекітілген бағдарламалар мен жоспарларға сәйкес әрекет етіп, оң нәтижеге жету үшін жұмыс істеп жатыр. Стратегиялық міндет – тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, еліміздің өңірдегі көшбасшы мәртебесін нығайту», – деп жауап берді.

«Ана тілі» газетінің бас редакторы, белгілі ақын Ерлан Жүністің де бұл сұхбатқа тыңғылықты дайындалғаны көрініп тұр. Бірнеше өткір сұрақ қойылды. «Қаңтар оқиғасы», өткен жылғы алапат су тасқыны, мемлекеттік тілдің тағдыры, бизнес нысандарына жасалып келе жатқан қысым, Талғардағы қылмыстық оқиға, АЭС құрылысы туралы сұрақтардың ешқайсысы жауапсыз қалған жоқ.

Сұхбатқа қамтылған ашық әңгіме аса тереңдеп тәсірлеуді қажет етпейді. Барынша ашық, еш бүкілсіз айтылған және өте қарапайым, түсінікті тілде жазылған сұхбатты байыбына барып, зер сала оқып шықсаңыз – болғаны. Біздің мақсат та – ормандай оқырманға сұхбатты оқып шығып, ой түйе оқырманға.

Жаңа жыл жарымысындай болған жария сыр, сүбелі сұхбаттан бөлік де өз көкейімізге түйген ойымызбен бөлістік. Бағытымыз айқын екен, бақытымыз баянды болғай!

Суреттер ашық дереккөзден

• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Ел мүддесі – ортақ міндет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ана тілі» газетіне сұхбат берді. Бұл ауқымды сұхбат еліміз үшін жыл қорытындысын шығару ғана емес, басымдықтарды ашық айқындауға және жақын болашақтағы түйінді сын-қатерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Өз сөзінде Президент тозығы жеткен инженерлік-коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстарының барлық аймақта жүргізілгенін, 18 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілгенін және халық асыға күткен 7 мың шақырым автокөлік жолы салынып, ел игілігіне берілгенін атап өтті. Өнеркәсіптегі өндіру саласының деңгейі жоғарылап, 27 миллион тоннаға жуық астық жиналды. Бұл – еліміз үшін соңғы он жылдағы рекордтық көрсеткіш.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында жас қазақстандықтарға төлем беріле бастады. Бірнеше жайлы мектеп, заманауи жабдықталған гимназиялар қолдануға берілді. Шет елдердің топ жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды.

Жалпыұлттық «Таза Қазақстан» акциясы аясында экологиялық мәдениетті қалыптастыру шаралары жүзеге асты. Бұл ауқымды шараға «AMANAT» партиясы зор үлес қосты. Әсіресе «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері, еріктілер атсалысты. Акция жастардың Отанға, туған жерге деген құрметін арттырды.

Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сұхбатының «Мақсатым – экономиканы және егемендікті нығайту» деп аталуында зор мән бар. Еліміздің басқа мемлекеттермен жан-жақты ынтымақтастығын одан әрі дамытудағы жұмыстар қазақ дипломатиясындағы маңызды міндеттің бірі болып қала беретінін жеткізді. Қазақстанның негізгі сауда серіктестері – шет елдердің алпауыт компаниялары. Олар біздің елмен осы салада тығыз жұмыс істеуге мүдделі. Ендеше, бізде сауда айналымын арттыруға барлық мүмкіндік бар.

Мемлекет басшысы өткен жылы орын алған апаттарға тоқталды және алдағы уақытта олардың алдын алуда нені ескеріп, неге басымдық беру керек екенін айқындағанын айтты.

Бірнеше ұлы тұлғаларымыздың есімі жаңғырып, ұлт санасында сақталуы мақсатында салтанатты шаралар өтті. Жастарымыздың сапалы білім алып, тәжірибе жинап, дүниетаным көкжиегін кеңейту бағытында жұмыстар жалғаса беретінін жеткізді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, «Қазақстан» деген брендті әлемге таныту – баршамыз үшін маңызды миссияның бірі екенін қадап айтты. Осы жолда бәрімізге күш-жігер, жасампаз істерде асқақ рух тілеймін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Бекзат АЛТЫНБЕКОВ,
«AMANAT» партиясы
Қарағанды облыстық
филиалының төрағасы

Жасымас жігер рухын сездім

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ана тілі» газетіне берген сұхбатын мұқият оқып шықтым. Бұл – өзі айтқандай, қатардағы сұхбат емес. Атқарылған жұмыстардан бөлек, халыққа жасалған үндеу ретінде және алдағы міндеттер, елдік көкейінде жүрген сұрақтар, түйінді ойларды ашып айтты.

Оның ішінде, ең маңыздысы, уақыт белдеуінің өзгеруі туралы алғаш рет мәлімдемесі жасалды.

Бытырғы су тасқынының зардабын жою, экономикамызға тигізген кері әсері, негізгі себептерін ашып айтты.

«Осы атқарылып жатқан жұмыстарыма барлық жауапкершілікті мойныма аламын. Мен басқаша жұмыс істей алмаймын, істемеймін де. Алда еліміз үшін істейтін жұмыстарымыз көп», – дегені. Бұл – өте ауыр сөз, білген адамға.

Бұндай сөзді өз-өзіне сенімді, атқарылып жатқан жұмысының түпкі нәтижесіне көзі жетіп тұрған адам ғана айта алады. Ол үшін жүрек пен мінез керек. Мұнда зор салмақ жатыр. Сонымен қатар, цифрландыру мәселесіне де тоқталды. Өйткені, цифрландырудың жемқорлықты жоюға көмегі мол. Жалпы, сұхбаттан ертеңге деген сенім мен жасымас жігердің рухын сездім.

Никанбай ОМАРХАНОВ,
мемлекеттік қызмет ардагері

Жастарды шыңдайтын мамандық

Мемлекет басшысының «Жұмысшы мамандықтары» жылын жариялау барысын іске асыру аясында бірқатар шаралар қабылданды. Бүгінде жұмысшы маманның беделін арттырып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын іске асыруда жұмыс тобы құрылып, жоспар бекітілді. Бұл жайлы толығырақ облыс әкімінің аппараттық кеңесінде облыстың білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісова баяндады.



Сурет шығармашылық бағдарламалар

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дуальды оқытуды дамыту көзделген

Бүгінде адал еңбекті және еңбек адамын насихаттайтын материалдарды орталық алаңдар мен негізгі көлік бағыттарына орналастырдық. Түрлі салалардағы инновациялар, жетістіктерді, сондай-ақ мансаптық өсудің табысты мысалдарын көрсететін жұмысшы мамандықтары жетістіктерінің облыстық көрмесін өткізуге дайындық жұмыстары жалғасуда. Бұл жастардың жұмысшы мамандығын таңдауына қосымша ынталандыру болмақ.

Өңірдегі ірі кәсіпорындардың соңғы технологияларды қарқынды енгізуін ескере отырып, бірінші кезекте техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау арқылы кадрларды даярлау сапасын арттыру бойынша нақты шараларды қабылдаймыз. Бүгінде облыста 33 мыңнан астам студент оқитын 52 колледж жұмыс істейді. Қарларды даярлау 126 мамандық, 178 біліктілік бойынша жүргізіледі. Биыл біз колледждердегі мемлекеттік тапсырыс көлемін 1100 орынға көбейтіп, 9 244 адамды қабылдадық, – деп атап өтті Гүлбақыт Жүнісова.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, «Жұмысшы мамандықтары» жылы аясында дуальды оқытуды дамыту көзделген. Бұл ретте кәсіпорындармен өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа форматын енгізіп, колледждерді ірі бизнестің қамқорлығына беру маңызды.

Мақсатты тапсырысты кеңейтуде халықаралық стандарттардың талаптарын ескере отырып, жұмыс берушілердің қатысуымен білім беру бағдарламаларын жаңарту жұмыстарын жалғастыру керек, – деп атап өтті аймақ басшысы. Бүгінде колледждерді кластерлеу 8 жетекші

бағыт бойынша жүргізілуде. Бұл тізімде білім беру, құрылыс, көлік, энергетика, IT және байланыс, тау-кен өндіру, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы саласы бар.

Әр сала бойынша тірек (құзыреттілік орталығы) және магниттік колледждер, кәсіпорындар және облыстағы мектептермен бағыттар айқындалды. Бұл жұмысқа жоғарғы оқу орындары да тартылады. Осы мақсатта өңірдің жаңа мамандықтар атласы әзірленді. Ол мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру барысында ескерілетін болады. Осыған орай, ағымдағы жылы «Полимерлік өндіріс технологиясы», «Жылжымайтын мүлікті басқару», «Газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану», «Гидротехникалық құрылыс» және «Гидротехникалық мелиорация» мамандықтарын ашатын боламыз, – деп атап өтті облыстың білім басқармасының басшысы.

Кәсіптік бағдар беріледі

Алдағы уақытта кәсіптік бағдар беру жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырылмақ. Бұл жұмысқа мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер де тартылмақ. Өңірлік WorldSkills чемпионаты аясында «Жас Skills», сондай-ақ, алғашқы рет «Бөбек Skills» кәсіби шеберлік конкурсы өткізіледі. Оқушылар үшін жергілікті кәсіпорындарға экскурсиялар, «мансаптық апталар» ұйымдастырылады. Мектептерде профилді сыныптар құру жұмыстары жалғасын табады.

Қазіргі уақытта мектептерде қызмет көрсету, авто, агро, құрылыс, IT және басқа да бағыттар бойынша 50 профилді сыныптар құрылуда. Жазда колледждер базасында профилді лагерьлер ұйымдастырылады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Биыл сондай-ақ, түрлі себептермен мамандығын өзгертуге шешім қабылдаған ересек адамдарға көңіл бөлінеді. «Жұмыс тап» жобасы жалғасып, түрлі жастағы азаматтарға арналған бағдарламалар колледждер базасында жүзеге асырылатын болады.

Жұмыспен қамту, мансаптық өсу және кәсіптік білім алу мүмкіндіктері ақпараттық нақпа аясында «Жастар практикасы», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Қоғамдық жұмыстар», «Бірінші жұмыс орны», «Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту» сияқты негізгі мемлекеттік бағдарламаларды, сондай-ақ «Күміс жас» және «Алтын жас» сияқты әртүрлі жас топтарын қолдауға бағытталған жобаларды қамтуға ерекше назар аударылатын болады.

Заманауи шеберханалар мен зертханалар

Биыл сонымен қатар, өңірдің жетекші компанияларында түрлі кәсіби сайыстарда жүделі орын алған 50 үздік түлек мамандығы бойынша жұмысқа орналасады.

Облыс колледждерінде заманауи жабдықтармен жарақтандырылған 2 заманауи құзыреттілік орталығы және 10 шеберхана құрылатын болады.

Біз бұл бағытта «Qarnet» АҚ, «KazakhmysSmelting», «QazTehna», «KamaTyresKZ», «Silk Road Electronics» ЖШС және өңірдің басқа да ірі кәсіпорындарымен белсенді жұмыс жасаймыз. Монокалаларда және ауылдық жерлерде орналасқан колледждердің қызметіне ерекше назар аударып, Балқаш және Теміртау қалаларында орналасқан шағын колледждерді ірі колледждерге қосу арқылы ірілендіру жұмысын жүргіздік. Бұл ірі колледждердің ресурстары арқылы шағын колледждердің потенциалын көтеруге мүмкіндік береді. Биыл аталған ғимараттарда өңірлік сұранысқа сай су шаруашылығы, туризм бойынша заманауи шеберханалар мен зертханалар ашылатын болады, – деді Гүлбақыт Серікжанқызы.

Сонымен қатар, биыл студенттер саны аз ауылдық колледждердің базасында кәсіптік бағдарлаудан бастап, ересектерді оқытатын орталық құру жоспарда. Бұл жоба ауылдағы бүлдіршіндер, жасөспірімдер ғана емес, 10-11 сынып оқушыларының және ересек азаматтардың жұмысшы мамандықтарды игеруіне мүмкіндік беретін заманауи орта болмақ.

Басқарма басшысының айтуынша, қазіргі таңда Теміртау және Қарағанды қалаларында орналасқан екі жоғарғы политехникалық колледжді халықаралық аккредиттеуден өту мәселесі пысықталуда. Бұл да түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Алдағы уақытта еңбек адамының оң имиджін қалыптастыру мақсатында жұмыскерлер арасында кәсіби шеберлік конкурстары ұйымдастырылып, ардагерлер, үздік шеберлер мен жас жұмысшылар туралы шағын сериалдар мен әлеуметтік роликтер жасалады. Осылайша «Еңбек адамы» үздік бейнесі үшін конкурс өткізу арқылы жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру жоспарланған.

• «АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ»

Шымырлық пен шығармашылыққа баулиды

Бұқар жырау ауданындағы Ғабиден Мұстафин атындағы кентте 320 орындық жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Ғимаратта балалар тек спортпен ғана емес, шығармашылықпен де айналыса алады. Тұрғындар сұранысындағы көптен күткен дене шынықтыру-сауықтыру кешені «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы аясында салынды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев Бұқар жырау ауданына жұмыс сапары аясында жаңа кешенді аралады. Жергілікті тұрғындарды құрылыстың аяқталуымен құттықтап, ауылдық жерлерде спорт пен шығармашылықты дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Президенттің маңызды бастамасы – «Ауыл – ел бесігі» жобасының іске асырылғанына куә болдық. Кент тұрғындарына жаңа нысанның ашылуымен құттықтаймын. Ауданда үш жайлы мектеп салынуда. Негізгі міндеттің бірі – Нұра арқылы өтетін көпірдің құрылысын аяқтау. Алда көп жұмыс күтіп тұр, – деп атап өтті өңір басшысы.

Ғимараттың бірінші қабатында балалар мен ересектерге арналған кең спорт залдары және волейбол, баскетбол және мини-футболға арналған ойын залы, бокс және күрес залдары, жеке жаттығу аймағы, киім ауыстыратын бөлмелер бар. Алдағы уақытта дзюдо, каратэ және қазақша күрес секциялары ашылады.

Екінші қабатта шығармашылық аймағы орналасқан. Қосымша бөлмелер жергілікті балалар музыкалық мектебіне беріледі.

Вокал, дәстүрлі ән айту және музыкалық аспаптарда ойнау ғана емес, сонымен қатар, бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнер үйірмесі де жұмыс істейді. Бұқаралық іс-шаралар үшін 120-150 адамға арналған акт залы қарастырылған.

Тұрғындар құрылыстың аяқталуын асыға күтті. Енді балалар мен зейнеткерлер үшін бос уақытын өткізетін орын бар.

Немерем хореографиялық ансамбльде 8 жыл бимен айналысып келеді. Бізде осындай заманауи ғимарат болғанына қуаныштымын. Жақын жерде тұрғандықтан, осы уақытқа дейін құрылыстың барысын бақылап отырдым. Біздің жастар үшін бұл үлкен бақыт. Енді балалардың өз таланттарын дамытуына мүмкіндік бар, – деді ауыл тұрғыны Надежда Алексеева.

Бұл биыл облыста ашылған төртінші дене шынықтыру-сауықтыру кешені. Бұған дейін Абай ауданының Топар кентінде, Бұқар жырау ауданының Қарақұдық ауылында және Ақтоғай ауданының Сарышаған кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешендері пайдалануға берілген. 2025 жылы тағы үш ДСК мен стадион ашу жоспарлануда.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында ДСК құрылысы ғана жүргізіліп жатқан жоқ. Мысалы, бізде үш мәдениет үйі салынууда, олардың екеуі биыл пайдалануға беріледі. Ал, бір жоба келесі жылға ауыспалы. Сонымен қатар, ауданда 15 денсаулық сақтау нысаны салынууда. Бұл жобалардың барлығы ауылдық елді мекендердің дамуына айтарлықтай әсер етеді, – деп атап өтті Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын.

Ермағанбет Бөлекпаев жұмыс сапары аясында Атамекен ауылындағы 150 орындық жаңа мектептің ашылуына қатысты. Білім ошағы апаттық ғимараттың орнына салынған. Балалар заманауи және кең сыныптарда оқи алады.

Биыл облыста барлығы алты мектеп ашылды, оның төртеуі – жайлы мектептер. Сондай-ақ, облыс әкімі Нұра өзені арқылы өтетін көпірді қайта құру барысын тексерді. Болашақта ол қысқа жол Ғабиден Мұстафин атындағы кентті Теміртаумен байланыстырмақ.

Бұқар жырау ауданы



18 отбасыға үй берілді

Осакаровка кентінің пәтер кезегіндегі 18 тұрғыны баспанаға қол жеткізді. Жаңа үй иелері арасында әлеуметтік жағдайы төмен және толық емес отбасылар, жетім балалар, азаматтардың басқа да әлеуметтік осал топтары бар.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Барлық баспана сатып алу құқығымен жалға берілетінін атап өткен жөн.

Осакаровка ауданының әкімі Руслан Нұрмұханбетов тұрғындарды қоныстойыммен құттықтап, үй кілтін табыс етті.

Жаңа үйге ие болғандардың бірі Гүлжан Алтынбаева да өз қуанышымен бөлісті.

Жаңа жылды жаңа үйде қарсы алғанымызға қуаныштымыз. Әсіресе, балалар қатты қуанды. Үй өте ұнады. Жаңа Жылан жылы мол жақсылығымен келсін! Бейбіт аспанымызда Көк Туымыз желбірей берсін! – деп ағынан жарылды ол.

Биыл Осакаровка ауданында 44 отбасы баспаналы болған. Тұрғын үйлердің құрылысы жалғасуда.

Осакаровка ауданы

Фермерлік павильон ашылады

Жыл сайын жергілікті өнімнің көлемі артып келеді. Осы орайда биыл Қарағандыда жергілікті фермерлік өнімдер сатылатын павильондар желісі бой көтерсе, Нұра ауданында сүт фермасы ашылады. Бұл туралы облыс әкімінің орынбасары Бауыржан Асанов YouTube желісіндегі «Әкімдік қайда қарап отыр?» арнасында мәлімдеді.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қазір аймақ басшысының тапсырмасымен кеншілер шаһарында жаңа павильондар желісін салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу жұмысы басталған.

Биыл бірнеше павильон құрылысын бастаймыз. Шет елдерде осындай ауыл шаруашылығы өнімдерін сататын павильондар инфрақұрылымын салу тәжірибесі бар. Әр ауданға өз павильонымызды бекітеміз. Сонда фермерлер жыл бойы келіп, өз өнімдерін тікелей сатуға мүмкіндік алады, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бауыржан Асановтың айтуынша, мұндай шешім сатушыларға да, сатып алушыларға да тиімді болмақ. Өйткені, сатушы өз өнімін жылдам әрі делдалсыз сатады. Ал, тұтынушы жаңа фермерлік өнімдерді өз бағасына алады.

Мұндай павильонның алғашқысы облыс орталығының Оңтүстік-Шығыс бөлігіндегі Қ.Сатыбалдин көшесінде салынады деп жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек, бүгінгі таңда Нұра ауданы Көбей ауылында 1100 бас ірі қара малға арналған заманауи сүт-тауар фермасының құрылысы аяқталды. Көктемде ірі қара жеткізілген соң кәсіпорын жұмысын бастауға дайын.

Бауыржан Асанов ауыл шаруашылығындағы жаңа мүмкіндіктер мен өңір тұрғындарын аймақтың өз өнімдерімізбен қамтамасыз ету мәселесінің үнемі басты назарда болатынын айтады.

Қарағанды өңірі – индустриалды өлке. Дегенмен, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту – басым бағыттарымыздың бірі. Жалпы, өңірлік өнімдегі ауыл шаруашылығының үлесі шамамен – 4%. Облыста 19 әлеуметтік маңызы бар азықтүліктің 14-і өндіріледі. Алтауы бойынша ішкі қажеттіліктер толық қамтамасыз етілген. Бұл ұн, картоп, сиыр еті, тауық жұмыртқасы және басқа да азықтүлік кіреді. Азықтүліктің сегіз түрі бойынша ішінара



камту көрсеткіші – 4%-дан 65%-ға дейін. Тұз, қарақұмық, күріш, күнбағыс майы, қант сынды бес тауар түрін әкелеміз, – деді Бауыржан Асанов.

Облыс әкімі орынбасарының айтуынша, басты міндеттердің бірі – ішкі нарықты өзіміз де өндірілетін сүтпен қамтамасыз ету. Шикізат тапшылығына байланысты сүт зауыттары жартылай жүктемелен жұмыс істеуде. Мәселе жаңа сүт-тауар фермаларын ашу арқылы шешіледі деп күтілуде.

Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ауыл шаруашылығы кооперациясына мем-

лекеттік қолдау көрсетіліп жатқаны да тілге тиек етілді. 30 млн теңгеге дейін жеңілдікті несие алуға мүмкіндік бар. Облыста бір жылда 60-тан астам ауыл шаруашылығы кооперативі құрылған.

Одан бөлек, пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтару жұмыстары жалғасуда. 2024 жылы көрсеткіш шамамен 163 гектар құраған. Аймақта суармалы егіншілік көлемінің ұлғайып келе жатқанын да атап өткен жөн.

Өз тілшімізден

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ЕГЕМЕНДІК ДЕКЛАРАЦИЯСЫНА – 30 ЖЫЛ

Егемендік Декларациясы: тарихи белестер

Биыл егемендік Декларацияның жарияланғанына 35 жыл толады. Тарих үшін мұндай уақыт үзгі қас-қағым сәт дерлік – аз ғана мерзім. Алайда, осынау қысқа уақыт ішінде республикамыздың тарихында бұрын-соңды болмаған жаңа саяси және әлеуметтік өзгерістерді бұл мезгілдің шағын аясына сыйғызу мүмкін емес. Қазақ қоғамы өзінің тарихи-мәдени болмысының барлық бағыттары бойынша терең трансформациялық өзгерістерді басынан өткізді. Осы жылдар ішінде Қазақстан берік тұғырлы, қуатты мемлекет болып қалыптасты. Біздің дүниежүзілік қоғамдастықпен тереземіз тең дәрежеде қарым-қатынас жасай алатын қабілетімізді әлемдік қауымдастық мойындады, таныды. Еліміз әлемдік өркеніеттен өз жолын тауып, бүгінде Орта держава деген құрметті, тұғырлы орнына нық жайғасып, стратегиялық тұрғыдан тарихи географиялық аймақ – Орталық Азиядағы негізгі ойыншы тұрғысында беделі бар, Транскаспий халықаралық көлік бағытындағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа сүйенген мемлекетке айналды.

2022 жылы ұлт ұясы Ұлытауда өткен І Ұлттық Құрылтайдың салтанатты жиынында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамның символы болуы керек», – деп ерекше тоқталып өткен болатын.

Содан араға 13 жыл үзіліс салып, еліміз мемлекетіміз үшін басты ұлттық мереке – Республика күнін салтанатты түрде атап өтті. 2009 жылдан бері бұл күн мемлекеттік мереке ретінде аталамағанына қарамастан, адамдардың та-

рих жадысында берік сақталып, еліміздің саяси оқиғаларының күнтізбесіндегі маңызды күн болып келді. Белгілі-белгісіз себептермен кеткен сол оқылық түзетіліп, тарихи әділеттілік қалпына келтірілді. Парламент Республика күнін ұлттық мерекелер тізбесіне енгізіп, оған Президент қол қойды. «Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» оңайлықпен қабылданған жоқ. Оның жобасын даярлау жөніндегі комиссияны қазақ заңгерлерінің патриархы, академик-депутат Салық Зиманов басқарды. Алты сағаттан астам уақытқа созылып, түске дейін 27, ал түстен кейін 85 депутат сан алуан сұрақ қойып, мәтінге орынды-орынсыз өзгерістерін енгізумен болды. Академик С.Зиманов алты сағат бойына табанынан тік тұрып, жеке өз басы артық-кемі жоқ 60 рет сөз алып, барлық қарсы пікірге сабырмен, салмақпен тиянақты жауап қайтарды. Академик Салық Зимановқа тірек болып, Алтай мен Атыраудың арасын кең жайлаған барша қазақ халқының арман-тілегін аманат қылып арқаалаған мемлекет қайраткері Ерік Асанбаев бастаған тау тұлға азаматтардың тұтас шоғыры да егемендік Декларациясының қабылдануына себепші болғанын айтуымыз керек.

Тарихқа сәл шегініс жасасақ, 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңестің XII шақырылымының II сессиясында тұңғыш рет халқымыздың мемлекеттік егемендігін бекітетін тарихи маңызды құжат – «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларация қабылданды. Бұл құжаттың құндылығы өте жоғары. Ата-бабаларымыздың азаттық пен еркіндік үшін қасырларға ұласқан Тәуелсіздік үшін күресі осы декларациямен түйінделді. 17 баптан тұратын Декларацияда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі жарияланып, елдің саяси-құқықтық тәуелсіздігінің бағдарламасы баяндалды. Ел аумағының тұтастығы, оған қол сұғылмайтындығы, дербес ішкі

әскерін құратындығы, тұтас мәдениетін, дәстүрін, тілін қайта түлету мен дамыту, ұлттық қадір-қасиетті нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде айтылды. Декларация алғаш рет табиғи ресурстардың, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетінің Қазақстан меншігінде болуының ерекше құқығын баянды етті. Ондағы әр бапта халқымыздың басты құндылықтары мен ұлттық мұраты нақты түрде көрсетілген. Мысалы, егемендік Декларациясының 12-бабында «Қазақ КСР-і Респубикадан тыс жерлерде тұратын қазақтардың ұлттық-мәдени, рухани және тіл жөніндегі қажетін қанағаттандыруға қамқорлық жасайды», – деп жазып, тағдырдың тәлкегімен әлемнің шартарабына шашырап кеткен халқымыздың ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекет екенін тайға таңба басқандай көрсетті. Ал, 14-бапта «Қазақ КСР-інің халықаралық қатынастардың дербес субъектісі болуға, сыртқы саясаты өз мүдделеріне сай белгілеуге, дипломатиялық және консулдық өкілдіктер алмасуға, халықаралық ұйымдардың, оның ішінде, Біріккен Ұлттар Ұйымының және оның мамандандырылған мекемелерінің қызметіне қатысуға правосы бар», – деп жазып, осы қабылданған егемендік Декларациясы шеңберінде еліміздің халықаралық қатынастарда дербес сыртқы саясат жүргізуге және шет мемлекеттермен дербес экономикалық және сыртқы сауда байланыстарын жүргізуге толық құқығы бар екенін шегендеп көрсетті. Осы 1990 жылдың өзінде Қазақстанның сыртқы саясатын «экономикаландыру» міндеті ерекше өзекті сипатқа ие болды. Егемендікті алғашқы жылдарынан-ақ дипломаттардың негізгі күш-жігері Қазақстан экономикасының дамуына барынша жәрдемдесуге, ең алдымен, банкроттық шегінде тұрған кәсіпорындардың қызметін қалпына келтіру, жаңа жұмыс орындарын құру, ең жаңа технологияларды енгізу үшін қажетті шетелдік инвестицияларды тарту



міндеті қойылды. Осы егемендік Декларациясында көрсетілген басым баптың құқықтық-нормативтік заңдылығына сүйенген Республикамыз Халықаралық валюта қорына, Халықаралық реконструкция және даму банкісіне, Дүниежүзілік банктің, Халықаралық даму ассоциациясының, Инвестицияға кепілдік беретін көпжақты агенттіктің, Инвестициялық таластарды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мүшесі болуға бағыл қадамдар жасай бастады. Қазақстанның дипломатикалық миссиясы Вашингтонда, Мәскеуде, Пекинде, Анкара мен Стамбулда, Женевада, Брюссельде, Рим және Нью-Йоркте мемлекет мүддесі үшін белсенді қызмет атқара бастады.

Декларацияның 16-бабында «Қазақ КСР мемлекеттік егемендігінің символдары – герб, ту, гимн – қасиетті болып табылады және оларды қорлаудың қандай болса да заңмен жазылады», – деп мемлекеттік рәміздеріміз әр азамат үшін басты қасиетті құндылық

екенін анықтап көрсетті. Сөз жоқ бұл халқымыздың бойындағы мемлекетшілдік пен патриоттық сезімдерін шыңдауға зор әсерін берді.

Егемендік Декларациясы қабылданған тарихи уақыттағы еліміздегі демографиялық ахуал қазіргімен салыстыруға келмейтін. Оның алдында 1989 жылы Кеңес Одағының соңғы санағында Республикамызда қазақ ұлтының үлестік көрсеткіші небәрі 39 пайызды ғана құраған болатын. Осындай қысыптың кезде қабылданған құжаттың тарихи маңызы зор болды, себебі Декларация – тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетті құрудың бастамасын енгізді. Еліміз қысқа мерзімнің ішінде геосаяси кеңістікте өзінің даму жолын айқындап, ұлттық-мемлекеттік мүдделерін түгендей алды.

1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігін жариялау Қазақстан үшін өз дамуының жолын дербес анықтау мүмкіндігін ашқан тұңғыш акті болып, басқа демократиялық республикалармен терезесі тең

мемлекет екендігін танытты. Ішкі саясатымызда қазақ халқының мәдени-рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мәселесі күн тәртібіне қойылды. Ал мемлекеттік мүддеге келсек өркеніеттік және демократиялық ұстанымдарды басшылыққа алып, ұлттық саясатта барлық этностардың мүддесіне деген құрметке негізделген ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қалыптасты.

1991 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданған кезде осы 1990 жылғы 25 қазандағы егемендік Декларациясындағы қабылданған қағидаларға сүйенді. Сондықтан, осы екі құжаттың арасында аса зор эволюциялық байланыс бар.

Нұртас СМАҒҰЛОВ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу
университеті
PhD докторы
Минар АМРИНА,
тарих ғылымдарының
кандидаты

Дерек пен дәйек

- 2025 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Осы мерейтойлық датаға орай 150-ден астам іс-шара ұйымдастырылады деп күтілуде. Қазақстан мен шет мемлекеттерде өтетін бұл іс-шаралар кемінде 1,5 млн адамды қамтиды деп көзделіп отыр.
- Биыл Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өтеді. Бұл – ислам, христиан, иудаизм, буддизм, синтоизм, даосизм және басқа діндердің көшбасшылары бір шаңырақ астында бас қосып, әлемнің дамуындағы өзекті мәселелерді, соның ішінде, діннің қоғам дамуына ықпалы бойынша пікір алмасатын жоғары деңгейдегі ауқымды шара.
- 2025 жылы ғарышқа тәуелсіз шығуды қамтамасыз ететін Қазақстанның меншікті метеорологиялық зымыраны ұшырылады.

- Қазақстан 2025 жылы Жапонияның Осака қаласында өтетін EXPO көрмесіне қатысады. Көрменің жалпы ауданы – шамамен 155 гектар. Көрме 13 сәуір мен 13 қазан аралығында Осакадағы Юmeshima жасанды аралында өтеді. Көрмеде Қазақстан павильоны «Өмірді құтқару» кластерінде орналасады.
- 2025 жылы елімізде «Орталық Азия – Қытай» саммиті ұйымдастырылады. Бұл шешім 2023 жылғы мамырда Сиань қаласында өткен алғашқы «Орталық Азия – Қытай» саммитінде қабылданды.

Конституция – тірі механизм

Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толады. Бұл кезең – еліміздің Тәуелсіздігін нығайту, демократиялық қағидалардың орнығуына және азаматтық қоғамның қалыптасуына жол ашқан тарихи белес. Негізгі Заң – мемлекеттілігіміздің негізін қалаушы құжат қана емес, сонымен қатар, елдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі, құқықтық жүйенің басты тірегі. 1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған Конституция мемлекетті басқарудың жаңа үлгісін бекітіп, тәуелсіз Қазақстанның дамуына тың серпін берді. Негізгі Заң мемлекет пен қоғам өмірінің барлық саласын қамтып, әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жоғары құндылық ретінде танытын құжатқа айналды.



Ата Занның қалыптасу тарихы

Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін елді құқықтық тұрғыдан дамыту міндеті күн тәртібіне шықты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданған 1993 жылғы Конституция өтпелі кезеңнің ерекшеліктеріне сәйкес жасалған құжат болды. Дегенмен, қоғамның қарқынды дамуы мен нарықтық экономикаға көшу жана Конституцияны қабылдау қажеттілігін туындатты.

1995 жылғы Конституция демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құруды мақсат еткен елдің жаңа бағытын айқындап берді.

Бұл құжат биліктің үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөліну қағидатын бекітті. Сондай-ақ, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына ерекше мән берді.

Конституцияда Қазақстанның егемендігі мен тұтастығы, азаматтардың тең құқықтары мен бостандықтары, Мемлекеттік биліктің халыққа тиесілі екендігі, тілдердің тең қолданылуы, дін бостандығы мен зайырлы мемлекет қағидалары бекітілді. Конституция – тұрақтылықпен дамудың кепілі.

Негізгі Заң қабылданған сәттен бастап, Қазақстанда құқықтық мемлекет қалыптасу жолында көптеген өзгерістер орын алды. Қоғамның

сұраныстарына сай Конституцияға бірқатар түзетулер енгізіліп, ел дамуының жаңа басымдықтары белгіленді.

2007 және 2017 жылдардағы конституциялық реформалар билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайтып, Парламенттің ролін арттырды. Ал, 2022 жылы жүргізілген ауқымды конституциялық өзгерістер мемлекеттің саяси жүйесін жетілдіріп, суперпрезиденттік басқару үлгісіне ықпалды Парламенті бар президенттік республикаға көшу жол ашты. Бұл қадам биліктің ашықтығы мен есептілігін арттырып, халықтың мемлекетті басқаруға қатысу мүмкіндігін кеңейтті. Сонымен қатар, Конституция елдегі

әлеуметтік-экономикалық реформалардың заңдық негізін қалады. Әсіресе, соңғы жылдардағы цифрландыру, құқықтық жүйенің жаңғыртылуы және сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайту – Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде дамып келе жатқанының айқын дәлелі.

Адам құқықтары мен бостандықтары – құндылық

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам мен азаматтың Конституциясы мен бостандықтарын ең жоғары құндылық ретінде бекітті. Негізгі Заңның екінші бөлімі азаматтардың өмір сүру, білім алу, еңбек ету және еркін пікір білдіру құқығын қамтамасыз ететін нормаларға арналған.

Халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидалары мен нормаларын мойындау арқылы Қазақстан азаматтарының құқықтарын халықаралық деңгейде қорғауға мүмкіндік алды. Еліміздің Конституциясы адам құқықтары мен бостандықтарын сақтау тұрғысынан БҰҰ-ның негізгі құжаттарына және демократиялық мемлекеттердің тәжірибесіне сәйкес келеді.

Жаңа Қазақстан және Конституция

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Жаңа Қазақстан» тұжырымдамасы Конституцияға негізделген. Елдегі әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету, заң үстемдігін орнату және экономика- ны әртарапандыру бағыттары Конституцияда бекітілген қағидаларға сүйене жүзеге асырылуда.

2022 жылы өткен референдумда қабылданған өзгерістер елдің саяси жүйесін жаңартуға, биліктің халыққа жақындауына және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталды. Бұл өзгері-

стердің барлығы Конституцияның қоғам дамуына сай үнемі жетіліп отыратын тірі механизм екенін көрсетеді.

30 жылдық белес және болашаққа бағдар

Конституцияның 30 жылдық мерейтойы – өткен кезеңді бағалап, болашаққа нақты жоспарлар құратын маңызды сәт. Бұл мерейтой тек заңнамалық құжаттың мерекесі емес, сонымен қатар, Қазақстан халқының ортақ құндылықтарын атап өтетін бірегей тарихи оқиға болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның алдында тұрған басты міндеттердің бірі – азаматтық қоғам институттарын дамыту, заң үстемдігін одан әрі нығайту және халықтың әл-ауқатын арттыру. Осы мақсаттарға жету жолында Конституция басты бағыт-бағдар болып қала береді.

Негізгі Заң әрбір азаматтың құқықтарын қорғауға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және мемлекетімізді одан әрі нығайтуға бағытталған негізгі құжат болып қала береді. Сондықтан, Конституцияны құрметтеу – әрбір қазақстандықтың парызы және ел болашағына қосқан үлесі.

Алмаз ЖЕКЕСКИН,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды зерттеу университеті
заң факультеті
Конституциялық және
халықаралық құқық
кафедрасының профессор
ассистенті,
PhD докторы

Ерлік даңқы өшпейді



Ұлы Жеңіске – 80 жыл

Биыл халқымыз айтулы мереке – Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығын атап өтпек. Адамзат тарихындағы аса қасіретті Екінші Дүниежүзілік соғыста 50 миллион адам қаза болып, мыңдаған қалалар мен селолар қирағаны мәлім. Атом бомбасы сияқты аса жойқын қару ойлап табылып, оны америка империалистері Жапонияның Хиросима мен Нагасаки қалаларының үстіне жарып, бейбіт халқын айуандықпен қырып салды. Міне, сондықтан да, ізгі ниетті адамзат баласы сұрапыл соғыстың аяқталуын қуанышпен қабылдап, Жеңіс күнін қашан да зор салтанатпен атап өтеді. Майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің көзсіз ерліктерін, соғыстың зардаптарын еске алып, мұндай қасіреттің қайталанбауын тілейді.



Сурет ашық дереккөзінен

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қазақстандықтар, соның ішінде, қарағандылықтар да лайықты үлес қосты. Тек Орталық Қазақстан өңірінен (Ұлытау облысын қоса есептегенде) майданға 60 мың жауынгер аттанып, соның 25 мыңы қаза болған, 9 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кеткен. 6600 майдангер ұрыс даласындағы ержүректігі мен батылдығы үшін ордендермен және медальдармен марапатталды. 34 қаһарманымыз Кеңес Одағының Батыры атағын алса, 13-і жауынгерлік «Даңк» орденінің үш мәрте иегері атанды. Тыл еңбеккерлері «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» деген ұранмен жанқиярлықпен еңбек етті. Қарағанды шахталарында өндірілген көмір, Балқашта балқытылған мыс пен молибден, Жездіден табылған марганец жаудың басына бомба болып жарылып, снаряд болып атылды.

жерлеу (қайта жерлеу), марқұмдардың ерлігін ұлықтау, «Отты жылдар жырлары» атты патриоттық әндер бойынша аймақтық байқау-конкурс өткізу, майдангерлердің атымен тығыз байланысты еліміздің тарихи сакралды орындарына ардагерлер мен жастардың экскурсияларын ұйымдастыру, БАҚ-тарда майдангерлердің ерліктері туралы мақалалар мен хабарлар жариялау, соғыс ардагерлері, мүгедектері мен тыл ардагерлеріне тұрмыста, үй-жайларының жөндеу жұмыстарына «Ардақты ардагер» атты акция бойынша көмек көрсету, ардагерлер хорларының дәстүрлі фестивалін өткізу, түрлі спорттық жарыстар, соның ішінде, тұңғыш рет бильярдтан ардагерлер арасында республикалық турнир ұйымдастыру көзделген. Әдеттегідей соғыс және еңбек ардагерлерімен, тыл еңбеккерлерімен кітапханаларда, музейлерде, оқу орын-

Майданға 60 мың жауынгер аттанып, соның 25 мыңы қаза болған, 9 мыңнан астамы хабар-ошарсыз кеткен. 6600 майдангер ұрыс даласындағы ержүректігі мен батылдығы үшін ордендермен және медальдармен марапатталды. 34 қаһарманымыз Кеңес Одағының Батыры атағын алса, 13-і жауынгерлік «Даңк» орденінің үш мәрте иегері атанды. Тыл еңбеккерлері «Бәрі майдан үшін, бәрі Жеңіс үшін!» деген ұранмен жанқиярлықпен еңбек етті. Қарағанды шахталарында өндірілген көмір, Балқашта балқытылған мыс пен молибден, Жездіден табылған марганец жаудың басына бомба болып жарылып, снаряд болып атылды.

Ұлы Отан соғысы Голощекиннің «кіші қазан» саясатынан кейін ғаламат аштыққа ұшырап, сталиндік саяси қуғын-сүргін зардабынан кейін енді ғана есін жиып келе жатқан қазақ халқына ауыр тиді. Соған қарамастан өршіл халық кеніштерді игеріп, зауыттар салысты, қырда қолхоздар мен совхоздар көтересті. Жас ұрпақты еңбекке және Отан қорғау ісіне тәрбиеледі. Осындай тәрбиенің жемісіндей көк аспанда жасын болып атылған ұшқыш Нұркен мен батыл барлаушы Қазыбектер өшпес ерліктер жасап, өздері Батыр атанды да қазақ халқының даңқын асырды. Соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезінде Қарқаралы ауданының 18 малшысы еңбектегі үздік жетістіктері үшін Еңбек Ері атанды. Мұндай мысалдарды облыстың арғы-бергі тарихынан көптеп келтіруге болады.

дарында кездесулер өткізілетін болады. Бұл жұмысты барлық қалалық, аудандық кеңестер, ірі бастауыш ардагерлер ұйымдары үзбей жүргізетін болады. Демек, тәрбие жұмыс толастамайды. Іс-жоспар барлық қалалық, аудандық кеңестерге таратылып, жергілікті мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен келісе отырып, өз жоспарлары жасалды. Сөйтіп, дайындық жұмыстары ертеден-ақ басталып кетті.

Облыстық кеңестің ұсынысымен 80 жылдық тойдың бастамасы ретінде өткен жылдың желтоқсан айында соғыс ардагерлері, көрнекті қоғам қайраткерлері Қали Аманбаев пен «Даңк» орденінің үш мәрте иегері Камали Дүйсембековтің туғанына 100 жыл толуы кеңінен аталып өтті. Дөңгелек үстел ұйымдастырылды, газеттерде мерейтой иелерінің өнегелі өмір жолы насихатталды, шахматтан және бильярдтан турнирлер өткізілді.

Өткен мерзімде жүзге келген соғыс ардагерлері Сұңғат Сәттіғұлов, Анна Котова және Өтелбай Орымбаевтар ұлықталды. Оларға жастар арасында жүргізілген тәлім-тәрбие жұмыстары үшін облыстық кеңестің «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» төсбелгісі тапсырылды. Мұндай құрметті биыл 100 жасқа толайын деп отырған соғыс және еңбек ардагерлері Григорий Степенко, Мария Шинкевич пен Виктор Шелудяковқа да көрсеткілі отырмыз. Тек оларға зор денсаулық, күш-қуат тілейміз. Алдағы мерекеде амандық-саулықпен жүздесуге жазын.

Аман ЖАНҒОЖИН,
облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы

• ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

2025 жылы не өзгереді?

Заң – бәрінен үстем. Ал, Ежелгі Рим саяси қайраткері, шешен және философ Марк Цицерон болса, заңның сөзін есте сақтауды емес, мағынасын түсіну керектігін айтты. Әрбір құқықтық мемлекеттің негізі болып саналатын заңды білмеудің салдары – өзіне ғана емес, өзгеге де зиян тигізуі бек мүмкін. Әлбетте, оны білмеу – жауапкершіліктен босатпайды. Елімізде бытыр да бірқатар заңдар қабылданған болатын. Оның барлығы «Әділетті мемлекет» құрудағы іргі бастамалар. 2025 жыл да жаңалықсыз емес. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған қандай заңдар биыл күшіне енетіні туралы шолу жасадық...

Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

2025 жылдың 1 қаңтарынан елімізде жылжымалы хайуанаттар бағы мен океанариумдар құруға тыйым салынады. Норма «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңда қарастырылған және бұл түзетулердің бірінші кезеңі ғана. Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев быдан жануарларға қатысты мұндай дүниелердің барлығы тоқтайтыны туралы айтқан болатын.

2025 жылғы 1 шілдеден күшіне енетін тағы бір заң – Жоғарғы сот істерді тек ерекше жағдайларда ғана қайта қарай алатындығы. Атап айтар болсақ, Жоғарғы соттың рөлі өзгереді. Азаматтық және қылмыстық істер бойынша үздіксіз кассация енгізіледі. Кассациялық сатыда алдын ала қарау кезеңі алынып тасталады. Азаматтар сот актілерін қайта қарау туралы өтініш емес, кассациялық шағым береді. Жүйе жұмыс істеуі үшін Қазақстанда өтініш беру мен қайта қараудың бірыңғай қағидалары бар үш дербес кассациялық сот құрылады. Ал, Жоғарғы сотта істерді

қайта қарау ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады. Мәселен, Жоғарғы сот судьясының ұсынысы бойынша немесе Бас прокурордың наразылығы бойынша.

Тағы бір заң – А1 санатындағы мопедтер мен жүргізуші куәліктерінің нөмірлеріне қатысты. Норма 2025 жылғы 4 сәуірде күшіне енеді. Мопедтерге мемлекеттік тіркеу нөмірлерін орнатуға көздейтін заңға өткен жылдың 3 қазанында қол қойылған болатын.

Айта кету керек, мопедтерді тіркеу жаңа жылдан басталды. Мұны арнайы ХҚКО-да жасауға болады. Мемлекеттік нөмірден басқа, мопед тебемін деушілер А1 санатындағы жүргізуші куәлігін алуы керек екенін ұмытпағандары жөн.

2024 жылғы 1 шілдеде Мемлекет басшысы «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңға қол қойды. Жарияланғаннан кейін 60 күннен кейін күшіне енген Заңның бірқатар тармақтары да осы жылдың 1 қаңтарынан бастап жұмыс істей бастады. Өзгерістер Заңда қолданылатын ұғымдарға, қызмет түрлеріне, гранттық қаржыландыруға және ғылымның дамуын ынталандырудың мемлекеттік шараларына қатысты.



Сурет ашық дереккөзінен

• ИПОТЕКА

Тұрғын үй нарығының парқы

Жаңа жылдан жаңалық күтетін сенім әркімде бары хақ. Онсыз мүмкін емес. Сенім адамның арманына апарар адастырмайтын жалғыз аяқ соқпақ секілді. Сол сенім биыл баспана алғысы келген бұқараның әрбірінің көңіл түпкірінде туын жықпағаны және хақ. Ал баспана нарығы бұған не дейді? Негізі, бұқараны баспана базары мұратына жеткізер ипотекалар бар. Нарқы мен парқы әр алуан. Бірақ, ашық ресурстағы ақпараттар мен мәліметтер ипотекалық несие беруде «Отбасы банкінің» игілігі көбіей түсетінін жоққа шығармайды.

Қызғалақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»


«Наурыз»: бастапқы жарна 10 пайыз

Бұған дейін банк төрағасы Ләззат Ибрагимова көпшіліктің көңілін көтерген жақсы жаңалықты жария еткені мәлім. Ол 2025 жылдан бастап, «Наурыз» ипотекалық бағдарламасына қатысу шарттарындағы өзгерістер туралы хабарлаған еді. Осылайша бастапқы жарна 10 пайызға төмендеді.

Бұл орайда ол бағдарламаға жүргізілген талдау екі негізгі мәселені анықтағанын атады.

«Бірінші мәселе – көптеген сатып алушылар жөндеу жұмыстары жүргізілген дайын тұрғын үйді сатып алу. Жөндеу көп қаржы-қаражатты талап ететіні белгілі. Осыған байланысты банк Құрылыс компаниялары қауымдастығымен бірқатар кездесулер өткізді. Енді порталда тұрғын үйлер дайын күйінде ұсынылады. Сатып алушылар оны 10 пайыздық бастапқы жарна төлеп ала алады. Бұл өзгеріс 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді», – деген еді банк басшысы.

Ләззат Ибрагимованың айтуынша, енді «Наурыз» бағдарламасына қатысу



2023 жылы тоқтатылған-ды.

Бұл орайда ол бағдарламаға жүргізілген талдау екі негізгі мәселені анықтағанын атады.

«Қазіргі уақытта бағдарламаға қатысу үшін депозитте 1 миллион теңге болуы қажет, алайда, конкурс жеңімпазы тұрғын үй құнының 20 пайызын қысқа мерзімде төлеуі тиіс. Талдау көрсеткендей, 2,5 мың өтінімнің тек 39 пайызы осы талапқа сай. Сондықтан, депозиттегі ең төменгі соманы 2 миллион теңгеге дейін ұлғайтуды ұсынамыз. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруды жылдамдатады», – деген еді.

Төраға бұған дейін мәлімдегендей, бірінші тоқсанда банк қайтарылған қаражат есебінен 45 миллиард теңге көлемінде жаңа несие берді. 2025 жылдың екінші тоқсанында тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарларын ескере отырып, 80 миллиард теңгеге сұраныс жасалған.

«Ұмай» жалғасады

2025 жылы «Ұмай» әйелдер ипотекасы да жалғасын табады. Бұған дейін «Отбасы банкі» Азия даму банкінің «Ұмай» және «Жасыл ипотека» бағдарламасына 90 млрд теңге беретінін хабарлаған-тын. Өзірге «Ұмай» бағдарламасының шарттарында өзгеріс жоқ.

Бағдарлама 2021 жылы іске қосылып,

Биыл екінші жарты жылдықта қайта іске қосылады деп күтілуде. Бағдарлама «Отбасы банкі» арқылы жұмыс істейді. Ол қатысушыларға әлеуметтік қорғау мен қолдауға бағытталған жеңілдік шарттарын ұсынады.

Бағдарламада депозиттегі сыйақы мөлшеріне баса назар аударылатынын атап өткен жөн. Яғни, сыйақысы көбірек қатысушының конкурстан өту мүмкіндігі жоғары.

«Жасыл ипотека»

Жаһандық экологиялық бастамалардың дамуымен Қазақстанда «Жасыл ипотека» бағдарламасы да пайда болды. «2025 жылы ол жылжымайтын мүлік нарығындағы басты жаңалықтардың бірі болады. Бағдарлама тұрақты даму және экологиялық тиімділік қағидаттарына сәйкес келетін тұрғын үй салу мен сатып алуы қолдауға бағытталған.

Жасыл ипотека энергия тиімді технологияларды пайдалана отырып салынған, яғни, «EMIP/TOCT P/ BREAM/LEED» сәйкестік сертификаттары бар тұрғын үй сатып алуы субсидиялауды көздейді. Бұған элекстр энергиясын аз тұтынатын үйлер, жанарғылатын энергия көздерін пайдалану технологиялары енгізу кіреді» дейді ашық ресурстағы деректер.

«7-20-25»

Бағдарлама 2018 жылдан бері жұмыс істейді. «7-20-25» қазіргі уақытта жұмыс істеп тұрған шартына сай жыл сайын 100 миллиард теңгеге дейін қаржы бөлу арқылы 2029 жылға дейін жалғасады. Бұл бағдарлама биыл да үзілмейді.

«7-20-25» бағдарламасымен баспана алуға ниетті азаматтар «Банк РБК», «Еуразиялық банк», Fortebank, «Халық Банкі», «Центр Кредит банкі», Altyn Bank, «Фридом Финанс Қазақстан» банкіне жүгіне алады. Бұл банктер арқылы осы бағдарлама аясында ипотекалық кредит рәсімдеуге әбден болады.

• АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 180 ЖЫЛ

Абай сөзі – һәм әділет, һәм махаббат

«Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға өлеңдер жазған, есейген соң арланып, тастаған, Михаэлис пен Гросска кез болмаса, сол күйімен кетер еді. Орыс адамдарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрметпен, көзқараспен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген». Ахмет Байтұрсынұлының 1913 жылы «Қазақ» газетіндегі «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Абай туралы асығыс айтылған пікірін Омбы архивіндегі Құнанбай ісіндегі деректер жокқа шығаралы (Н.Дулатбеков. Құнанбай Өскенбаев ісі).



Газеттегі Абай өнері хақындағы теріс сөз 1909 жылғы Кәкітай Ысқақұлының «Абай (Ибраһим) Құнанбай ұлының өмірбаяны туралы» жазбасынан көшкені анық іс.

Қазақ та адам баласы, қазіргі біз түгіл түпсіз терен ғылымға көзі жеткендердің де қатесіз сөйлеуі – қиын іс. Себебі, көңілі алаң адалзат адасуынан әсте тыйымдайды.

Женсіз сөздің сырын тегіс тексеруден өткізбес бұрын Кәкітайдың: «Абай 14 жаста-ақ біреуді мазак яки қалжың қылып, құрбылар ортасында өлең шығара бастаған» деген сөзін келтірелік. Ахмет Кәкітай мәліметіндегі «мазақ» сөзіне жоламай «қалжыңын» ғана алған.

Ағалар үлгісімен М.Әуезов те «Абайдың жас шағындағы өлеңдерінің көпшілігі қалжың, мысқыл, мазақ аралас. Мінегіш, мысқылшыл кішкене Абайдың күлкі мен қалжың қылып 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бір ауыз өлең бұған дәлел» депті. (Әр жылдар ойлары 1959 ж.).

Үлкендердің ізімен 2020 жылы шыққан Абайдың академиялық толық жинағында ақының 1855 жылғы «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» атты бір ауыз өлеңінің оның бозбала күніндегі әзіл-қалжың түрінде шығарылған туындысының бізге сақталып жеткен бірі деп түсіндірілгені. (Үш томдық. 1-том. 435 б.)

Анығын айтсақ, бала Абайды дұрыс танып алмай тұрып, дана Абайды түзу танып жүрміз деу ақиқатқа қиянат.

Сол себептен бала Абайдың бір ауыз өлеңі туралы бүгінгі күнге дейін түзелтілмей, шаң басып жатқан теріс түсінікті ғылым тезінен өткізуге міндеттіміз. Бас сот – мәтін. Бала Абайдың өз қолынан түзілген сын сөзі: «Кім екен деп келіп ем түйе қуған, Қатын ғой күлдерімен белін бұған. Төркінінің бергені жауыр айғыр, Бауырдың ұрайын бірге туған». Төркінін көбелеген қатын жауыр айғыр жетектегеніне қорланып, «Япырым-ай, ұяластарым ел алдында ұятқа қалдырды ғой» деп Құнанбай ауылының тұсынан қатты жүргенде жолындағы түйелер үрке қашып, былп-былп басып, тайрандай жөнелген. Архив деректері Құнанбайда матау толы түйесі болма-

са да, бұл түйеліктің қарасы онда мол болғанын айғақтайды. Түйелердің өрісінен жаңылғанын байқаған ауыл кісілері оларды біреу қуды ма деп бала Абайды жұмсағанда, оның алдынан үріккен түйе көзденіп төркіндеген әйел шыға келеді. Абай түйелерді аңдасыз үркітіп алған әйелдің не себептен асыққанын анық аңғарған. Бас қысын – ғұмыр шыны. Бала Абайдың 1855 жылғы өлеңін мысқыл-мазақ, ойын-қалжың, әзіл-әжуа деп таңуға ешбір реті жоқ. Абай өнерінің мінезі, табиғаты туралы пікір айту үшін оның балалық шағы өткен уақытты дұрыс тани білу керек.

1850 жылы аға сұлтан Құнанбай Кішік-Тобықты болысынан заңсыз зорлықпен түйе жинады деген арыздан басталған әкімшілік тексеріс 1851-1852 жылдардағы ұзақ тергеуге ұласады. Түйені түгендеп бас-аяғын тексерем деп басы қатып жүрген тергеуші әйелдері Күңке, Ұлжан, Айғыздан да жауап алуды ұмытпапты. 1853 жылдың жазында «Құнанбай жазықсыз елді шапты, жылқы алды» деген айыппен күзде Қарауылда ұсталып, Қарқаралыда абақтыға жабылады. Құнанбай 1854 жылдың күзінде дейін Омбы қаласында түрмеде отырып, қарашаның ортасында кепілдікпен бостандыққа шығып, Қарқаралыға жетеді. 1855 жылдың қысы Құнанбайдың Тобықтыға оралған беті – Абайдың ерте оянған, ойланған кезі. Бала Абайдың балалығы өлген шағы. Архивтегі қылмыстық іс Құнанбайдың сотты болуынан қорыққан көңілі алаң, үркін елдің күйін кешкен отбасының баласына орынсыз, жыртқын-жыртқын құр күлкі, қылажық үшін тексіз өлең шығаруы реті де жоғын дәлелдейді. Іс әлі бітпеген, Құнанбайды елден қуақ, жер аудартап қарсы топ үкіметке арызданып, қуанып, аянбасқа бекініп жүрген уақытта тергеуші түйені қасақана қуып қуғып, жұнап еді. Бала Абайдың да дйттеген жеріне жеткен бетте бірден «Кім екен деп келіп ем түйе қуған» деуі «түздегі түйелерге қас шапты ма, қасқыр шапты ма, жау болса, кім екен, біліп кел» деген үлкендердің бұйрығынан шығып тұр. Өлеңдегі оқиға 1855 жылғы көктемнің жазға ұласқан тұсында орын алған. Оны күлдерімен белін бұған қатынның дәулетті төркіні жетектегіп жіберген

жауыр айғыры айғақтап тұр.

Мезгілдің жазғы шағын қатынның беліне жеңіл шапан сыртынан байлаған үлбіреген жұмсақ жібек мата, күлдері де дәлелдейді. Өлеңдегі «Түйе қуған» қатын Құнанбайға сыбай қонған көрші ауылдың адамы. 1933 жылғы жинақтағы Абайдың ұлы Тұрағұл айтқандай, жолда жатқан түйе келесін аралап өткен кездейсоқ жолаушы емес-ті.

Қатынның төркіндемек ойынан маңайдағы ел-жұрт ұзынқұлақтан түгел ерте құлақтанған. Оны Құнанбай ауылының білетіні қатынға көрші еді. Ұяттан күйінген қатын ел көзіне көрінбей тез өте шығам деп жүріп түйе келесіне ұрынған. Түйе қуу ойда жоқ. Жамалдатқыр жауыр айғыр келені көре қалғанда кісіміп кісінеп, тыныш түйелерді үркітуінің кесірінен бала Абайдың көзіне түсіп қалғаны.

Абайды әкесі Құнанбай Семейге медресеге оқуға 1855 жылдың күзінде жүргізеді, әзірше ертеңгі қалаға тартар көштің көлігі, жүк артары болар түйелерге қарауыл болып жүр. Құнанбай түйе түлігін ертеден жинаған. Әкесі Өскенбай қайтыс болып, өзі аға сұлтандыққа тағайындалған 1850 жылы ел-жұртқа көш-көлікке, жүк артуға берген түйелерін, жүк аттарын ұлдары Құдайберді мен Ізғұттыға түгендетіп, жинап жүргенінде өсекке қалып, тынымсыз тергеуге тап болады.

Бас дәлел – әке мектебі. Абай «орыс адамдарымен таныспаса, дүниеге көзі ашылмас еді» деген ел адастырар жауыр түсініктен де арылсақ дұрыс шығар. Абай сөзінің мәтінінен басталық: «Мен жасымнан көп көрдім, Мұсылманды, кәпірді». Абай бала жастан ауылында ұлықсыған орыстардың талайын көріп өскен, 5 жасында әкесі Құнанбайдың аға сұлтандық салтанатына куә болған. 8 жасында әкесінің қолына мыптықты қазақтың кісен салып, айдап алып кеткенін көрген. 10 жасында Семейде көпесті де, кресті де өз көзімен көрген. 13 жасынан билік ісіне араласқан, 20 жасында болыстыққа тағайындалған, билікті билік майталманы, бірегей заң танушы, қайратты құқық қорғаушы.

Ата-бабасы – Абылай хан заманынан империя әкімшілік кеңесімен істес болып ел билеген адамдар. Әкесі Құнанбай да жасынан жат биліктің ішкі сырын жетік білген, балаларына білім, ғылым беру мақсатында «Екі тамда» мектеп ашып, орысша білетін мұғалім ұстап, ел басқару ісіне ерте баулып, жалықпай үйреге бастаған. Семейде оқып жүрген Абайды 1858 жылы Құнанбай қасына қайтарып, үлгі-өнеге көрсін деп өзіне көмекші қызметкер ретінде ұстайды. Абайдың қайтуы інісі Халмолланы 1859 жылы Омбыдағы қадет корпусына оқуға жіберуге дайындап басы еді.

Бас алқа. Бала Абай өлеңде мазақ, қалжыңға барды деген ғылым теріс түсінік тікелей ақының құқығын бұзып тұр. Абай өлеңнің мәтіні, мәні, ішкі қисыны, түзу сөзі жалған, жаңсақ, жасанды пікірге тыйым салады.

Абай өлеңі – сынның соты. Өлең – мені жок менікінің мінін шебер мүсіндеуші, айна-қатесіз суреттеуші, нәпсі сырын әсем әшкерелеуші. Сол себептен өлең ел ішінде кең таралып, жұрт жадында жатталып қалып, бізге жеткен. Өлеңде ұят, теріс қылықты шың мінеген қыжылу да, істің әділін айту да, адамшылыққа ара түскен махаббат та бар.

Марат АЗБАНБАЕВ

• ЕВНЕЙ БӨКЕТОВТІҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Ұлтының шолпан жұлдызы

Евней Бөкетов – Қазақстанның ғылым, білім және қоғамдық өмірдің түрлі салаларында терең із қалдырған қазақ ғылымының тарихындағы көрнекті қайраткерлердің бірі. Оның өмірі жетістіктерге, қиындықтарға және әділеттілік үшін күреске толы болды. Оның көп қырлы тұлғасын түсіну үшін оның мансабы мен мұрасын толығырақ қарастырып жөн.

Евней Бөкетов еңбек жолын Қарағанды химия-металлургия институтында бастаған. Негізгі зерттеу бағыттарының бірі – металлургияның химиялық технологиясы болды. Қазақстанда осы саланы дамытуда шешуші рөл атқарды. Жүзден астам ғылыми еңбек пен өнертабыстың авторы. Химия мен металлургиядағы термодинамикалық процестердегі жұмысы ерекше назар аударғаны. Металлургиялық кендер мен көмірді өңдеудің жаңа теориялық негіздерін жасады. Бұл металл өндірісінің тиімділігін едәуір арттырды. Ғылыми жаңалықтары халықаралық ғылыми қоғамдастықтың назарын аударды.

1972 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің құрылуы – Қазақстандағы білім мен ғылымның айтулы жаңалығы болды. Алғашқы жылдарында Евней Бөкетов ректор қызметін атқарды. Лауазымды қызметте жүріп, университеттің ғылыми һәм әдістемелік іргетасын қалады.

Басшылығымен университет аз уақыт ішінде біршама жетістікке жетті. Түлектері табысты ғалымдар мен мамандарға айналды. Евней Бөкетов Қазақстанда ғылымды дамытуға және мамандардың жаңа элитасын даярлауға ықпал ететін орталық құруға ұмтылды.

Біртуар тұлға ғылымда ғана емес, көркем аудармада да қалам тербеген. Ол орыс және әлемдік классикалық әдебиеттің бірқатар шығармаларын, соның ішінде, Антон Чехов, Максим Горький және басқа да ұлы жазушылардың шығармаларын қазақша сөйлесті. Ғылым, мәдениет және қоғам мәселелерін қамтыған очерктер, мақалалар мен әңгімелер жазды. Өз еңбектерінде ғылым тағдырына, зиялы қауымның қоғамдағы роліне, сонымен қатар, ғалымдардың адамгершілік пен халық алдындағы жауапкершілігіне қатысты тақырыптарды қозғайды.

Евней Бөкетов көмірді және басқа минералды ресурстарды өңдеу кезінде болатын термодинамикалық процестерді зерттеді. Оның кен шикізатының химиялық термодинамикасы және химиялық қосылыстар теориясы жөніндегі жұмыстары Қазақстанның табиғи ресурстарын өңдеу әдістерін



Сурет шыққан дереккөзінен

жақсартуға ықпал етті. Негізгі жетістіктерінің бірі – металдарды қайта өңдеудің жаңа әдістерін әзірлеу болды. Бұл кеннен металдарды алу тиімділігін арттыруға, энергия шығындарын азайтуға және оны сапасын зияттыруға мүмкіндік берді.

Ғалым теңірді, көмірді және минералды шикізаттың басқа да түрлерін қоса алғанда, жергілікті шикізат ресурстарын технологиялық өңдеу мәселелерін зерттеді. Бұл Қазақстанның тау-кен металлургия кешенін дамыту үшін ерекше маңызды еңбек болды.

Оның еңбектері әлі күнге дейін белсенді түрде келтірілген және ғалымдар кендер мен металдарды өңдеудің жаңа әдістерін жасау үшін қолданылады.

Ғылым мен білімге қосқан зор үлесіне қарамастан, Евней Бөкетов қудалауға түсті. 1974 жылы оған әділетсіз айып тағылып, Ғылым Академиясынан шығарылды. Қарағанды мемлекеттік университетінің ректоры қызметінен де босатылды.

Евней Бөкетов – ұлт маңдайында бір ғасырда бір жарқырайтын шолпан жұлдыз. Сол шолпан жұлдыз қазақтың талай талапты перзентіне жол нұсқады. Өнегелі ғұмырын дәріптеуді жалғастырсақ, қаншама ұрпақ кеудесіне от алары анық.

**Майкен РАХМЕТҰЛЛИНА,
Назым АЛИБАЕВА,
Ляззат ЖУМАКАНОВА
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
шетел тілдер кафедрасының
аға оқытушылары**

• ЖУРНАЛИСТ ВЛАДИМИР РЫЖКОВ – 75 ЖАСТА

Қарымды қаламгер

Жаңа 2025 жыл келуі мұң екен 1950 жылы туған қаламдстардың 75 жылдық мерейтойы басталып кетті. Соның алғашқысы – бүкіл ғұмырын журналистикаға арнаған, Қазақстанның Құрметті журналисі Владимир Рыжков досымыз болып отыр.

Өрине, бүгінгі әңгіме құрдастары үшін Володя, басқаларға Владимир Рыжков туралы болмақ. Оны Қарағанды журналистері жақсы білетін себебі – ол бүкіл саналы ғұмырын біздің облысқа арнаған.

Сол өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап, мен өз басым онымен үзентілес болып келемін. Ә.Ермеков көшесіндегі «Баспасөз үйі» деп аталатын ғимаратта күнделікті бір есіктен кіріп-шығып жүріп, аралас-құралас болғанымызға 40 жыл болды.

«Орталық Қазақстан» мен «Индустриальная Караганда» газеттерінің журналистері бірін-бірі бауырдай көретін. Соның ішінде, осы Володьяның жөні бөлек еді. Ол қашан көрсен сабырлы, бір қалыпты жүретін, мінезге өте бай адам.

Одақ кезінде Қарағандының орыс тілінде шығатын газетінде Ресейдің алыс қалаларынан келген журналистер көп болатын. Жасыратын несі бар, олар жергілікті журналистерге төбеден қарап, бір түрлі жақтырмай тұратынын сезетін едік. Ал, Владимир Рыжков ондай емес-ті. Бізге жылы қабақ танытып, іші-бауырымызға кіріп тұратын. Оның себебін кейін білдік. Сөйтсек, Владимир өзіміздің жерлесіміз, мынау көгілдір Көкшенің тумасы екен.

Оның өз сөзіне қарағанда Рыжковтар әулетінің сол жер жәннаты Көкшетауда кемінде 3-4 ұрпағы өмір сүрген екен. Оның арғы әкелері сонау ерте-ерек заманда қоныс аударып, жерінін қалғанға ұқсайды. Олар жергілікті халықпен біте араласып, қазақша айтқанда тамыр болып кеткен екен. Володьяның әкесі Иван ақсақал таза қазақша сөйлеп, жылда соғымға жылқы сойып, қазы айналдырған



көрінеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» деген қазақ мақалына сәйкес Владимир ақсақал да бұл күнде соғым сойып жегенді жөн көреді. Қазақ достарын омыртқаға шақыруды да ұмытпайды.

Оның өмірбаянына үнілсек, онжылдықты Көкшетауда бітіріп, Алматыдағы сол кездегі жалғыз журналистика факультетіне оқуға түскенін

көреміз. Ол уақытта Қазақстан үшін журналистер даярлайтын С.Киров атындағы ҚазМУ болатын. Жыл сайын осы факультетке 50 бала қазақ, 50 бала орыс тобына қабылданатын еді. Әр топқа жылына кемінде 300-ден астам талапкер келеді екен. Осылардан суырылып шығып, журналист оқуына түсу Володьяның маңдайына жазыпты.

Алматыда 5 жыл оқып, өзі бала кезінде қалаған жоғары білімді журналист мамандығын алып шығады. Айтпақшы, осында өзінен бір курс төмен оқытын Наталья деген қызбен сөз байласады. Өзі оқуын бітірген соң Көкшетауға келіп, мамандығы бойынша газетке қызметке тұрады.

Бір жылдан соң осында Наталья да оқуын бітіріп келіп, екеуі отау құрады. Содан бері екі журналист жарты ғасырдан бері Рыжковтар әулеті болып, жұбайлық өмірін жалғастырып келеді. Екі ұл өсіріп, жоғары білім берді. Қазір немерелерінің өзі өсіп, алды отау бола бастады.

Ал, облысымызға белгілі журналист Наталья Рыжкованы көп адам біледі. Ол ұзақ жыл, «Индустриальная Караганда» газетінде қатардағы тілші, бөлім меңгерушісі ретінде өнімді еңбек етті. Тек кейінгі жылдары республикалық «Қазақстанская правда» газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болып істеп, зейнетке шықты.

Владимир Ивановичтің өз ғұмырын Қарағандымен байланыстыруы оның одақтық «Комсомольская правда» газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі болып тағайындалуымен орай болған. Ол уақытта Қарағанды облысының өнеркәсібі қарқынды дамып, Теміртауда екпінді комсомолдық құрылыс жүріп жатқан кезі. Михаил Полторанин деген журналист «Правда» газетінің Қазақстандағы тілшісі ретінде Владимир Рыжков «Комсомольская правда» тілшісі ретінде одақтық газеттерге құлаш-құлаш мақала жазатын.

**Серік СЕКЕНҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі**

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС

Сәбина самғағысы келеді

Мемлекет тарапынан беріле бастаған жеңілдетілген несиенің көмегімен жеке меншік шаруасын дамытып келе жатқандар қатары уақыт өткен сайын көбейеде. Солардың бірі – Нұра кентінің тұрғыны Сәбина Оралбекова.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қара Нұраның жағасында кіндік қаны тамған ол жасынан-ақ арманшыл қыз еді. Туған жерінің көркеюіне септігімізді тигізіп, қол ұшымды берсем деген қиял оны ертеден мазалайтын. Соның сәті былтыр келді.

Өзі де екі сәбидің анасы болып отырған Сәбина Қайратқызы ауылдағы жұмысбасты әйелдердің тұрмыстық жағдайын, үй шаруасын жүргізумен бірге бала тәрбиесімен айналысып, уақытын жеткізе алмай қиналатынын көрген сәттен, яғни, ертеден-ақ, «Осындай, жартылай дайын өнім әзірлемей бе?» деген ой келген көрінеді. Сөйтіп, отбасы үшін дайындаған

тамағынан ауыз тиген туған-туыс, көрші-қолаң дәмділігін айтып, мақтағаннан кейін тәуекелге бел бұған Сәбина шағын бизнесін бір жыл бұрын, үй жағдайында бастаған екен. Өзінің жартылай дайын өнімдерін ол тура аттас телесериалдағыдай «Сәбина келін» деп атапты.

Тұшпара әзірлеу цехы – өткен жылдың жемісі. Тамақ әзірлеуге тек табиғи таза өнімдер пайдаланылғаннан кейін цехтың жартылай дайын өнімдері тура үйдің ас мәзіріндей дәмді екен. Мұнда кент тұрғындары мен қонақтары түстенуіне де мүмкіндік жасалыпты. Цехта тұшпара, қамырға оралған картоп, манты, тартылған ет оралған қырыққабат, ет толтырылған болгар бұрышы, жайма қамыр, т.б. әзірленеді. Шаруа ко-



жалықтарынан сатып алған малды өздері сойып, етті өздері тартады. Дайын өнімдер Нұра кентінің дүкендері арқылы саудаға шығарылатын көрінеді.

Цех таңертеңгі 9,00-ден кешкі 18,00-ге дейін жұмыс істейді. Қазіргі таңда кәсіпкер келіншектің жанында үш адам еңбек етеді. Жалақылары ауылдың жағдайы үшін тәп-тәуір – 150-200 мың теңге аралығында.

Дербес кәсібін енді ғана бастаған Сәбина Қайратқызының арманы асқақ – өнімдерін аудан көлемінен асырып, Қарағанды мен Астананың нарығына, тіпті, республиканың өзге қалаларына шығудың жолдарын ойластыруда. Зор мақсат көздеп, биіктерге самғағысы келген Сәбина Оралбекованың мұраттары орындалып, Жаңа жыл толағай табыс әкелсін деп тілек жұптадық біз де.

Нұра ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

Түндікке көпір салынды

Бастауларын Кешубай мен Қоңыртемірші тауларынан алатын Түндік өзені – кәдімгі далалық шағын сулардың бірі. Жылдың көп мезгілінде оны кешіп өте беруге болады. Дегенмен, көктемгі су тасқыны кезінде немесе ылғал мол түскен жылдары одан жаяу өту – үлкен маңшақат.

Бұл әсіресе, өзен орталық елді мекені Ақтастыңы қалай жеткізетін Тәттімбет ауылдық округінің халқы, әсіресе мектеп оқушылары үшін қиындық туғызып, Түндіктің үстінен жаяу жүргіншілер үшін көпір салу көптен бері көтеріліп келе жатқан мәселе еді.

Жергілікті тұрғындардың шағымна құлақ асқан ауданның атқарушы және өкілетті билігі биыл жергілікті бюджеттен 9 миллион теңге қаражат бөліп, Түндіктің үстінен жаяу жүргіншілер үшін көпір орнатты. Жұмысты жүзеге асырған Ақтастың ауылының тұрғыны, жеке кәсібін дөңгелетіп отырған Мейірман Бейсенбаев.

Тәттімбет ауылдық округінің тұрғындары өтініштеріне құлақ асқан аудан басшылығына да, көпірді орнатқан шебер қолдың иесі Мейірман Амантайұлына да алғыстарын жаудыруда.

Өз тілшімізден

«Казэнергоцентр» ЖШС 2024 жылғы 31 желтоқсаннан бастап қызмет көрсетілетін аумақтар бөлінісінде тұтынушылар топтары бойынша электрмен жабдықтау бағасының өзгергені туралы өз тұтынушыларын хабарлар етеді:									
Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ электрмен жабдықтау бағасы, теңге								
	Электр энергиясын тұрмыстық қажеттіліктерге пайдаланатын тұтынушылар		Электр энергиясын тұрмыстық қажеттілікке емес пайдаланатын тұтынушылар		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар		Заңды ұйымдастыру, Әлеуметтік маңызы бар тауарларын шығаратын заңды тұлғалар		
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	
Актоғай ауданы, Приозёрск қаласы	17,40	19,49	26,95	30,18	40,97	45,89	26,95	30,18	
Балқаш	17,60	19,71	28,51	31,93	51,37	57,53	26,11	29,24	
Топар к.	12,05	13,50	15,03	16,83	105,19	117,81	19,81	22,19	

ТОО «Казэнергоцентр» уведомляет своих потребителей об изменении с 31 декабря 2024 года цен на электроснабжение по группам потребителей в разрезе обслуживаемых территорий:									
Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге								
	Потребители использующие электрическую энергию для бытовых нужд без НДС		Потребители использующие электрическую энергию для бытовых нужд с НДС		Юридические лица, финансируемые из государственного бюджета без НДС		Юридические организации, производящие социально-значимые продовольственные товары с НДС		
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	
Актогайский район, г.Приозёрск	17,40	19,49	26,95	30,18	40,97	45,89	26,95	30,18	
Балқаш	17,60	19,71	28,51	31,93	51,37	57,53	26,11	29,24	
п.Топар	12,05	13,50	15,03	16,83	105,19	117,81	19,81	22,19	

Электр энергиясын жеке тұлғалардың тұтыну көлеміне қарай оның сараланған тарифтері:									
1. Электр плиталарын пайдаланатын тұтынушылар үшін үш деңгейлі тарифтер									
Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ үшін электрмен жабдықтау бағасы, теңге								
	Бірінші деңгейдегі тарифтер		Екінші деңгейдегі тарифтер		Үшінші деңгейдегі тарифтер				
	100 кВт*сағ дейін		101-ден 180 кВт*сағ дейін		180 кВт*сағ жоғары				
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған			
Актоғай ауданы, Приозёрск қаласы	15,54	17,40	20,88	23,39	26,10	29,23			
Балқаш	16,36	18,32	21,12	23,65	26,40	29,57			
Топар к.	10,47	11,73	14,46	16,20	18,08	20,25			

2. Электр плиталарын пайдаланатын жасы бойынша жалғыз тұратын зейнеткерлер, мүгедектер, Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар үшін үш деңгейлі тарифтер									
Қызмет ететін аумақ	1 кВт * сағ үшін электрмен жабдықтау бағасы, теңге								
	Бірінші деңгейдегі тарифтер		Екінші деңгейдегі тарифтер		Үшінші деңгейдегі тарифтер				
	120 кВт*сағ дейін		121-ден 180 кВт*сағ дейін		180 кВт*сағ жоғары				
	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған	ҚҚС-сыз	ҚҚС қосылған			
Актоғай ауданы, Приозёрск қаласы	15,54	17,40	20,88	23,39	26,10	29,23			
Балқаш	16,36	18,32	21,12	23,65	26,40	29,57			
Топар к.	10,47	11,73	14,46	16,20	18,08	20,25			

Дифференцированные тарифы на электрическую энергию в зависимости от объемов ее потребления физическими лицами:									
1. Трехуровневые тарифы для потребителей, использующих электрические плиты									
Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге								
	Тарифы первого уровня до 100 кВт*ч		Тарифы второго уровня от 101 до 180 кВт*ч		Тарифы третьего уровня свыше 180 кВт*ч				
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС			
Актогайский район, г.Приозёрск	15,54	17,40	20,88	23,39	26,10	29,23			
Балқаш	16,36	18,32	21,12	23,65	26,40	29,57			
п.Топар	10,47	11,73	14,46	16,20	18,08	20,25			

2. Трехуровневые тарифы для одиноко проживающих пенсионеров по возрасту, инвалидов, участников Великой Отечественной войны и приравненных к ним лицам, использующих электрические плиты									
Обслуживаемая территория	Цены на электроснабжение за 1 кВт*ч, тенге								
	Тарифы первого уровня до 120 кВт*ч		Тарифы второго уровня от 121 до 180 кВт*ч		Тарифы третьего уровня свыше 180 кВт*ч				
	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС	без НДС	с НДС			
Актогайский район, г.Приозёрск	15,54	17,40	20,88	23,39	26,10	29,23			
Балқаш	16,36	18,32	21,12	23,65	26,40	29,57			
п.Топар	10,47	11,73	14,46	16,20	18,08	20,25			

ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУЫ

Ақ тілек ақтарылған күн

Биыл Қарқаралы ауданында құрылысы жалғасқан нысандардың бірі – Жаңаотан ауылындағы фельдшерлік-акушерлік пункт. Осы аптада бұл ФАП та пайдалануға берілді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңаотан – Қарқаралының түстігінде орналасқан елді мекендердің бірі. Қазір мұнда тұратын 565 адамның негізгі тіршілік көзі – мал шаруашылығы. Басы ауырып, балтыры сыздаған жергілікті жұрт алдымен медбике Мейірман Сағымбекованың қызметіне жүгінеді. Жаңа ФАП оның жұмысына оң әсерін тигізетіні күмәнсіз.

Фельдшерлік-акушерлік пунктін ашылу рәсіміне келген тұрғындарды аудандық аурухананың директоры Елдос Мусин мен аудандық мәслихаттың депутаты Нұрлан Байтуллин құттықтап, ауыл шаруашылығында еңбек ететін адамдардың өмірі мен ден-



саулығын қорғауға мемлекет тарапынан бұдан әрі де қамқорлық жасала беретінін жеткізді.

Жаңа жыл қарсаңында есігін айқара ашқан мекеменің «Тұсау-кесер» рәсімін ауылдық округ әкімі Болатбек Мұсаханов пен аудандық мәслихаттың депутаты

Нұрлан Байтуллин атқарып, елдің денсаулығы жолында қызмет жасайтын мекеме жерлестерінің көңілінен шығады деген үміттерін айтты. Заманауи талаптарға сай жабдықталған, саулеті көз қуантатын ғимараттың есігі айқара ашылып, шашу шашылды.

Қуанышты іс-шараның құрметіне әжелердің «Айкүміс» ансамблі ән салып, жиналған жұртқа ақ дастарқан жайылды.

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

Қазақстан Журналистер одағының Қарағанды облыстық филиалы әріптесіміз, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабекке қайын атасы
Қами ОСПАНҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«SARYARQA» телеарнасының ұжымы әріптесіміз, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабекке қайын атасы
Қами ОСПАНҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабекке қайын атасы
Қами ОСПАНҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, «Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің бухгалтері Динара Медеубаеваға аяулы анасы
Шәмшіғайым Хамитқызы ЖАУҒАШАРОВАНЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы әріптесіміз, облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газеті интернет-редакциясының редакторы Лияс Мұқайға нағашы женгесі
Шолпан БАЙҒАЗЫҚЫЗЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты отбасына және туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

• ЗЕРДЕ

Тастағы тарихты сөйлетті

Жақында М.Хамзин атындағы мәдениет сарайында белгілі режиссер, өлкетанушы, Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы Тұңғышбай Мұқаннұң тарихи ескерткіштерге арналған «Таста сақталған тарих» атты танымдық-деректі фильмі көрсетілді. Фильмнің мақсаты – Ақтоғай жеріндегі тарихи ескерткіштерді, археологиялық кешендерді, табиғаттың тылсым сыйларын жастарға таныстырып, болашаққа аманаттау.



Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Деректі фильмінің таныстырылымына қатысқан қала әкімінің орынбасары Саягүл Жақсылықова мемлекеттік деңгейде ұлттық идеяның негізін құрайтын түбегейлі құндылықтарды дәріптеу, халықтың тарихи өткенін толығымен, жан-жақты зерттеу автордың үлкен еңбегі екендігін атап өтті. Ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ халқының асыл қазынасы – мәдени-рухани мол мұраны игеру сияқты міндеттерді 78-ге келген жасына қарамастан атқарып жатқан Тұңғышбай Өміртайұлына ризашылығын жеткізіп, иығына шапан жапты.

– Қазақстан ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар комитетіне мүше болып кірді. Осы жылы Ұлттық Құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Ке-

мелұлы туған жер тарихын жан-жақты танып-білу және оны қорғап, сақтау бағытында тапсырма берді. Расы керек, осы екі оқиға мені ежелден тарихи ескерткіштерге бай Сарыарқа өңірі – Ақтоғай ауданында деректі фильм түсіру жөніндегі ойға жетеледі. Менің бұл ойымды аудан әкімдігі қолдады. Бюджеттің бір тиынын пайдаланбастан, аудандық мәдениет бөлімінің қызметкерлеріне ғана арқа сүйеп, «Таста сақталған тарих» деген фильмді көктемде саз-балшықты кешіп, 2 мың шақырым жерді жүріп өтіп, таспаға түсірдік, – деді фильмнің авторы белгілі өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан.

Ақтоғайдың әр тасын, тарихын саралаған автордың еңбегі ел тарихындағы ең маңызды ескерткіштердің бірі Беғазы-Дөңдібай мәдениетінен басталған. Сонымен қатар, балбал тастар, шежіре шерткен бітік тастар, петроглифті сурет жартастар, үңгірлер – тарих кітабы, уақыт

үні, тіршілік мектебі екендігін шебер жеткізген. Бұл еңбектен тасын қопарсаң, тарихы сарнап қоя беретін аты аңызға айналған аймақтың, құтты мекеннің өткені мен бүгінгісі сыр шертілді десек, артық айтқанымыз емес. Бұған дейін ғалымдар бұл өлкеде 50-ден астам тас мүсін бар десе, автор 70-тен аса көне мұрамыз бар екендігін дәлелдеп берді. Деректі фильмді тамашалаған көрермен көне тарихпен қауышып, рухани байып қайтқандығын айтты.

Айта кетейік, бұған дейін өлкетанушы Тұңғышбай Мұқаннұң авторлығымен 2019 жылы «Ақтоғай – тарихтың тас сандығы», 2022 жылы «Әлихан Бөкейхан – ұлт азаттық күрескері» атты танымдық-деректі фильмдері көрермендерге ұсынылған болатын.

БАЛҚАШ

Суретті түсірген автор

• СҮЙІНШІ!

Жерлестер жетістігі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы қазақстандық жас жазушылар мен ақындар үшін Президенттік арнаулы әдеби сыйлықты тапсырды. Сыйлық алғандардың қатарында талантты жерлестеріміз бар.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Жазушы, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дидар Амантайға мәдениет саласындағы Мемлекеттік стипендия табысталды.

Ақын, «Тәңір таңбасы», «Ойтамған» кітаптарының авторы, «Айбоз» ұлттық сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы ресми өкілі Жанат Жаңқашұлы мәдениет саласындағы Мемлекеттік стипендия иегері атанды.

Стипендия иегерін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев әлеуметтік желіде арнайы құттықтады.

Ақын, «Серт» кітабының авторы Жәнібек Әлиманға Мемлекет басшысының қазақстандық жас жазушылар мен ақындарға берілетін арнаулы әдеби сыйлығы «Боз ұшқат» өлеңдер жинағы үшін берілді.

Ақын, Халықаралық «Шабьт» фестивалінің лауреаты Жадыра Байбұланова да мәдениет саласындағы Мемлекеттік стипендия иегері.



• БӘРЕКЕЛДІ!

Прагадағы мерей

Қарағандылық зерттеушілер абырой биігіне! Чехия астанасы Прагада «Ғылым мен білім берудің қазіргі даму тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткен еді. «Мәдениеттану» бағыты бойынша өз зерттеулерін Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің тау-кен факультетінің студенттері ұсынған. Зерттеу жұмыстары үздік деп танылып, дипломдармен марапатталды.



Сурет облыс әкімінің сайлауы

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

І дәрежелі дипломмен Дарья Кормилицына және Алина Кобыкова марапатталды. Маржан Нұржан мен Алия Тохметова ІІ дәрежелі диплом алды. Олардың зерттеу жұмыстарына қазылар алқасы жоғары баға беріп, қатысушылардың болашағы жарқын екеніне сенім білдіріпті.

Алина Кобыкова алған әсерімен бөлісті.

– Мұнда талқыланған тақырыптар өзіме бұрыннан таныс. Оқыдық, іздендік. Кез келген білім сайысында тапқырлық та керек. Кейде оқығаның ештеңеге жарамай қалады. Сол кезде ізденіспен шыңдалған түйсік жарыққа алып шығады. Конференцияға осал қатысушы келген жоқ. Бәрі

озық ойлы. Озаттардың арасында үздік атанғанға қуаныштымын, – деді Алина Кобыкова.

Ғылыми жетекші – Қазақстан халқы Ассамблеясы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы Евгения Ивлева.

– Шәкірттеріміздің қабілетін білемін. Олар жеңіске жету үшін ұзақ дайындалды. Шәкірттеріміз ел абыройын биік еткені үшін мақтанамын! Келешекте бұдан биік белестерді бағындыратындарына сенімім зор! – деді Евгения Ивлева.

Студенттер өз жұмыстарында мұражайлардың қоғам үшін рөлін, мәдени бірегейлікті қалыптастыруды талдады. Сондай-ақ, әлеуметтік-экономикалық және технологиялық факторлардың мәдениеттің дамуына әсері қарастырылды.

• МАРАПАТ

Үздіктер еленді

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің үздік спортшылары марапатталды. Өрт сөндіруші-құтқарушысы Бауыржан Текенов «Жылдың үздік спортшысы» деп танылды.

Бұл марапат халықаралық аренадағы жетістіктері үшін ұсынылды. Ерлер арасындағы өртен құтқару спорты бойынша Қытайдың Харбин шаһарында өткен әлем чемпионатында Бауыржан Текенов 100 метрлік кедергілер жолағында қола медаль жеңіп алып, екі сайыста Қазақстанның абсолютті рекордын жаңартқан.

Ал, «Жылдың үздік жаттықтырушысы» Федор Суелов иеленді. Оның спортшыларды дайындаудағы айрықша тәсілі жоғары басшылық тарапынан ерекше бағаланды.

Сонымен қатар, облыстық ТЖД бастығы Марғұлан Аманбаев футбол, волейбол, гир көтеру спорты және қоян-қолтық ұрыс бойынша құрама коман-

даларды Алғыс хаттармен марапаттап, естелік сыйлықтарын табыстады. Бұл командалар шеберліктің жоғары деңгейін көрсетіп, ТЖД қызметкерлері арасында спортты насихаттауға елеулі үлес қосқан.

№15 өрт сөндіру бөлімінің жүргізушісі Ұлан Қайназарға республикалық «Jibek Joly» телеарнасындағы танымал «100 Sarbaz» реалити-жобасына қатысып, облыстық департаменттің абыройын асқатқатқан. Оған «Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокөшесі» бас директорының атынан диплом табысталды.

Өз тілшімізден

Сурет ТЖД баспасөзінен



• ХОККЕЙ

Буллитта басым түсті

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы Көкшетауға қонаққа барып, «Арлан» командасымен ойында Жеміс алаң иелерінің қанжығасында кетті. Есеп 1:0.

Ерік НАРЫН, «Ortalyq Qazaqstan»

Үш кезең де өте тартысты өтті. Қарағандылықтар ойын барысында бірнеше рет бір ойыншыға кем ойнады. Дегенмен, «Сарыарқа» үш кезең бойы өз қақпаларын голдан сақтай алды. Қақпашы Данил Кадочников үздік ойын көрсетті.

– Бір ойыншыға кем ойнағанда қарсылас жиі соққы жасайды. Әлбетте, бұл тұста қақпашының ғана емес, қорғаушылардың да еңбегін атап өту міндеті. Әріптестерім бірталай соққыға тосқауыл қойды. «Арлан» сапында жылдам әрі тиісінше соққы жасай алатын ойыншылар бар. Әр ойынның өз қызығы бар. Қақпашыға алаңды көре алу – маңызды. Кейде тосыннан келген шайбаны аңдау қиынға соғады. Міне, осы сәтте қорғаушылардың сауаттылығы қақпашыға зор көмек болады. Негізгі уақытта шайба өткізбедік. Өз әріптестеріміздің шеберлігін мақтан тұтамын, – деді Данил Кадочников.

Қарағандылықтар шабуылды мольнан ұйымдастырды. Форвардтар қаптал арқылы да, орталық арқылы да жойқын соққылар жасады. Өкінішке қарай, ойын тағдыры шешілетін шайба соғылған жоқ.

Негізгі уақытта гол көре алмадық. Тіпті, овертайм, яғни, қосымша уақыт та шайбасыз зу ете қалды. «Арланды» жеңіске жеткізген жалғыз гол буллитта соғылды. Гол авторы – Дмитрий Архипов.

Қарымта ойын Көкшетауда өтті.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsa Aqparat» ЖШС

Бас редактор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА
Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шег, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZXX БИН 000840001412

Таралымы 4 638
№1 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Салтанат ІЛІЯШ**